

Тәуелсіздік бізге бұрын-соңды көрмеген орасан зор мүмкіндіктер берді. Біз оны толықтай жүзеге асыруымыз керек, асырамыз да. Тәуелсіздік біздің алдымыздан жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолдан ешқайда бұлтартмай, алға баса береміз.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



«ЖАҢА АЛМАТЫДА» –
САПАЛЫ АУЫЗСУ

3

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Ел игілігі үшін жасалған
маңызды жобалар

4

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 16 тамыздағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
810 602

II компонентпен
642 044

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ
МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

14

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМНІҢ» ЖҰМЫСЫ ҚАУЫРТ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыда «Жедел жәрдем» қызметіне жүгінетіндер саны 2 есе өскен. Бұл туралы қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифинг барысында қалалық Жедел медициналық көмек қызметі директорының орынбасары Андрей Ложкин айтты.

Оның айтуынша, Алматыда «Жедел жәрдем» қызметіне келіп түскен қоңыраулардың жоғары көрсеткіші шамамен бір апта бұрын тіркелді. Бір күнде 8 мың қоңырау қабылданған.

(Жалғасы 9-бетте).

СУ БАСУ ҚАУПІ БАР АЙМАҚТАР бақылауға алынды



Кеше Алматыда нөсерлеп жауын жауды. Қаланың коммуналдық қызметтерінің және аудандық ТЖ басқармаларының күштері мен құралдары қауіпті аймақтарға алдын ала жіберілді. Жауын-шашынға дейін инертті материалдар дайын болды.

Сағат 15.00-де жаңбыр суларының көтерілуінің 10 жағдайы тіркелді. 5 мекенжайда суды сору және арықтарды тазарту жұмыстары жалғасуда.

Медеу ауданының Есенберлин көшесінің бойында, 221 үйдің жанында су жиналып қалған. Мұнда коммуналдық ұйымдардың қызметкерлері арық желісін тазартты.

(Жалғасы 2-бетте).

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Мун Чжэ Иннің шақыруымен Корея Республикасының астанасы Сеул қаласына мемлекеттік сапармен барды.
- Мегаполисте 16 тамыздан бастап демалыс күндеріндегі локдаун аяқталды. Жұмыс істеуге тыйым салынған нысандар осы сенбі, жексенбі күндері жабылмайды.
- 1 қыркүйектен бастап мектептер маңында полиция жасақтарының саны артады.
- ЖОО оқытушыларының жалақысы қыркүйектен бастап көбейеді.
- 1 қазан ресми түрде «Радио қызметкерлерінің күні» деп бекітілді.
- Елімізде қашықтан жұмыс істеуге деген сұраныс 7 есеге артқан.



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

СУ БАСУ ҚАУПІ БАР АЙМАҚТАР
бақылауға алындыСерік
ЖҰМАБАЕВ

(Басы 1-бетте)

Медеу ауданының Жәнібеков көшесі, 76 мекенжайы ауласына да су жиналып, қала тұрғындарына қолайсыздық тудырған. Бұл жерде де коммуналдық ұйымдардың қызметкерлері арық желілерін тазартып, судың ағып кетуіне мүмкіндік жасады.

Алмалы ауданының Абай даңғылы бойындағы Наурызбай батыр көшесінің қиылысында, Мұқанов көшесінің бойындағы 172-үйдің жанында, Бруно көшесі, 1-үйдің жанында жиналған су сорылып, арық желісі тазартылуда.

Розыбакиев көшесі, 5 «А», Қарасай батыр көшесі, 315, Брусиловский көшесі, 100 «А» мекенжайдағы аулаларда су жиналған. Бұл жерлерде коммуналдық ұйымдардың күштері мен құралдары жұмыс жасады.

Алатау ауданында коммуналдық қызметтер «Қарасу» шағынауданындағы Аралқұм көшесі, 22 мекенжайға барды. Жетісу ауданында Райымбек даңғылы, 265/1 бойында «Нұрым» мейрамханасының аумағында инженерлік коммуникациялар жұмыс істеп жатыр.

Су басып қалу себебі – арық желілері қатқыл тұрмыстық қалдықтармен бітеліп қалған. Бұған дейін ТЖД 2021 жылғы 14 тамыздағы №28 ескертуі бойынша кей жерлерде жауын-шашынның, беткейлерде көшкірдің болуы мүмкін екенін, өзендерде су деңгейінің көтерілгенін алдын ала хабарлаған болатын.

ЦИФРЛАНДЫРУ

АЛМАТЫНЫҢ 5 ЖЕТІСТІГІ!

«Ақылды» қалалар тізімінде оңтүстік астана Киевтің алдына шықты

Әсел
ДАҒЖАН

Алматылықтардың күнделікті өмірінің басты саласында цифрлық қызметтер қолжетімді болмақ.

Цифрландыру басқармасының басшысы Б.Қоңырбаевтың айтуынша, Алматы ТМД мен Шығыс Еуропа аумағындағы қалалардың көшбасшы тобына кірді.

«2021 жылдың қорытындысы бойынша біз 2017 жылдан бастап халықаралық деректер корпорациясының цифрлық жетілу рейтингісінде Алматы қаласының 2,7 балл позициясын алғанын көреміз. Бұл – біз соңғы екі жылда қол жеткізген өте үлкен көрсеткіш. Бұл – маңызды оқиға. 2019 жылы біз 10-орынды иелендік, ал ТМД-ның «ақылды» қалалары арасындағы соңғы нәтижелер бойынша біз 2-орында тұрмыз. Яғни біз Киевтен озып, Мәскеуден кейінгі орындамыз», – деді Б.Қоңырбаев.

Цифрлық жетілу – қаланың өз дамуында цифрлық шешімдерді енгізуге дайындығының негізгі көрсеткіші. Басқарма басшысының айтуынша, цифрлық трансформация – бұл жаһандық мақсат және цифрлық жетілу, оның негізгі белгілерінің бірі ретінде барлық

салаларда қол жеткізілуге тиіс. Бұл жағдайда цифрлық трансформация процесін сәтті деп атауға болады.

«Біз қаланы цифрландыруға ғана емес, тұрғындарымызға қолайлы жағдай жасауға, таланттардың дамуына жағдай жасау және өмірлік белсенділігімізге жаңа технологияларды тартуға ұмтыла бастадық», – деп жалғастырды Б.Қоңырбаев.

Алматының цифрландырудың негізгі жетістіктері туралы айтқан спикер мегаполистің 5 жетістігін еске алды. Бұл тізімде Бірыңғай деректер базасы, Бірыңғай коммуникациялық кеңістік, шалғай аудандарда АКТ-ны инфрақұрылымдық дамыту, қала аудандарын экономикалық кластерлеу және Smart City Accelerator бар.

Спикер өз сөзінде бірыңғай деректер базасының жобасы туралы кеңінен айтты. Оның көмегімен мемлекеттік органдар, коммерциялық ұйымдар мен академиялық институттар деперсоналдырылған деректермен алмасу алады. Цифрландыру басқармасының басшысы бірыңғай деректер базасын әзірлеген кезде ұлттық және жергілікті деңгейде мемлекеттік органдардың деректермен алмасу алатын Сингапур тәжірибесін қолданғандарын айтты.

Жыл соңына қарай Цифрландыру басқармасы білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғауға қатысты деректерді жинауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, колледж, университет пен инкубаторларды бір платформаға біріктіретін бірыңғай коммуникациялық кеңістік құрылатыны да айтылды.

«Студенттер туралы айтсақ, бүкіл қалалық инфрақұрылым ыңғайлы болуы керек. Мәселен, балаға университетті таңдағанда, ата-ана көптеген сайттарға кіріп, университеттің бір бөлігін зерттейді. Бірақ бәрібір ақпарат жеткіліксіз. Біз бірыңғай коммуникациялық кеңістік құрып жатырмыз, сол арқылы Алматының барлық университеттеріне түсуге болады. Сондай-ақ, бизнес-кластермен өзара әрекеттесу мүмкіндігі бар, яғни біз тек студенттерге ғана емес, 25 пен 45 жас аралығындағы білімге мұқтаж адамдарға назар аударамыз», – деп түсіндірді Б.Қоңырбаев.

Студенттер өздерінің қажеттіліктеріне сүйене отырып, белгілі бір мерзімге үздік университеттерден қажетті курстар оқи алады. КБТУ, СДУ, ҚМЭБИ сияқты бірқатар университеттер платформаны курстармен толтырып үлгерді.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛДЫНА ЖАН
САЛМАҒАНқазақстандық студенттер
алтыннан алқа тақтыАйжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

АҚШ-та жүзден өткен олимпиадалық жарыстарда қазақстандық студенттер топ жарды. Турнирде Тайвань, Колумбия, Еуропа елдері мен АҚШ сияқты түрлі елдердің спортшылары бақ сынаған.

Студенттер арасындағы сайысты АҚШ-тың шығыс жағалауындағы 5 штаттың

басын қосатын Lifeguard компаниясы ұйымдастырған. Бұл дода студенттердің білім алумен қатар, спорттық бейімдігін шыңдау мақсатында жүзеге асырылған. Жарыс нәтижесінде жерлестеріміз медаль саны бойынша топтық есепте 1-орынға ие болды. Шет елде алтыннан алқа таққан Минур, Ұлан, Жәмиля, Олжас есімді студенттер оқудан тыс уақытта «Премиум» тұрғын үй кешендерінде құтқарушы болып жұмыс істейді екен.

ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАДЫ

Ұлттық құраманың қоржынында бір алтын,
бір күміс және бір қолаАйжан
БҮРКІТБАЕВА

Қазақстандық оқушылар география пәнінен өткен халықаралық олимпиадада (IGEO-2021) 3 медаль жеңіп алды. Ұлттық құраманың қоржынында бір алтын, бір күміс және бір қола бар.

Олимпиада Түркияның Стамбул қаласында 10–16 тамыз аралығында онлайн форматта өтті. Әлемнің 46 елінен 200 оқушы бақ сынаған Зияткерлік жарысқа Ақтөбе, Шымкент және Қызылорда қаласынан 4 оқушы, яғни республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздары қатысты. Ұлттық құраманы жарысқа тәжірибелі педагогтер мен жаттықтырушылар дайындады. Зияткерлік сайыстың тапсырмаларын жоғары деңгейде орындаған қазақстандық төрт қатысушының үшеуі жүлдегер атанды. Рустам Валеев алтын медальға, Еркебұлан Тазабек күміс медальға, Ерасыл Сапарбеков қола медальға ие болды.

– Осы жылы командалық қоржынның медальдармен толтыратынымызға сенімді болдық. Зияткерлік сайысқа біз бар күш-жігерімізді салып дайындалдық.

Мұғалімдер мен жаттықтырушылардың арқасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткіздік. Бізге әрдайым қолдау көрсететін жаттықтырушыларымызға, мұғалімдеріміз бен ата-аналарымызға алғысымыз шексіз. Біздің халықаралық олимпиадаларға қатысуымыз үшін қыруар жұмыс жүргізген «Дарын» орталығына алғыс айтамыз, – дейді алтын медаль иегері Рустам Валеев.

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өзінің Facebook парақшасында олимпиада жүлдегерлерін лайықты жеңіспен құттықтап: «Бұл – сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен білімдеріңіздің және өздеріңізге деген сенімділіктің нәтижесі. Сіздер еліміздің намысын халықаралық деңгейде лайықты қорғадыңыздар. Біз өз тарапымыздан медальдардың саны жыл сайын ұлғаюы үшін жағдай жасауды жалғастырамыз», – деп жазды.

ҚР Білім және ғылым министрі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық олимпиада жеңімпаздарын қолдау бойынша кешенді шаралар қабылдауды тапсырғанын атап өтті. Осы тапсырманы орындау аясында министрлік заңнамалық өзгерістер дайындады.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Жыл соңына дейін қалада
50 000-нан астам
жұмыс орнын құру
жоспарлануда.Алматыда
2025 жылға дейін
350 шақырым
жол салынады.Мегаполисте жыл соңына
дейін
21 000
жаңа оқушы орны ашылады.Шаһарда
«Бизнестің жол
картасы–2025»
бағдарламасы аясында
983
жоба мақұлданды.Еліміздің креативті
бизнестің
53%-ы
Алматыға тиесілі.



БІЗДІҢ САУАЛНАМА

АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Қала тұрғындарын көшелер мен аулаларды абаттандыру, жарықтандыру, таза ауызсумен қамтамасыз ету және әлеуметтік нысандарды салу секілді мәселелер толғандыратыны анық. Бүгінде бұл бағытта нақты тапсырмалар бойынша шаруалар жүріп жатыр. Жол жөндеу мен қоқыс мәселесі де шешіле жатар. Біз жоғарыда айтылған түйткілдерден басқа тұрғындарды тағы қандай мәселелер толғандыратынын білмек мақсатпен «Алматыда кезек күттірмейтін мәселелер деп нені айтар едіңіз?» деген сауалға жауап іздеген едік.

АСЫЛЖАН, қала тұрғыны:

«САУЫҚШЫЛ ВИРУС» ЕКЕН ӨЗІ!

Қалада тойдың бәрі жасырын түрде өтіп жатыр. Өмір болған соң тіршілік тоқтамайды.

Міне, індет басталғалы тойды тоқтатуға қанша әуре болса да, тойдың тыйылып жатқаны шамалы. Қайта одан ары көбейіп бара жатқандай... Мониторингтік топтардың жұмысы да көзбояушылық. Тексергіштер тойхананың қожайынынан ауызбастырық алады да, түк білмегендей қызмет атқарып жүр. Халық ақымақ емес қой. Бәрін біліп отыр. Сонда кім кімді алдап жүр?! Бұлай жасырын той жасап, елді жемқорлыққа итермелегенше, «Ashuq»-пен ашық той жасағанымыз әлдеқайда әділеттірек болар еді. Бұдан да жаман күнде тойға барғанбыз. Сондықтан белгілі бір шектеумен ресми орындардың арнайы рұқсатымен той өткізуге неге болмасқа?! Билік бұған не дер екен? Қазір көбіміз екпе алдық. Қорқыныш сейілді. Байқап отырсақ, тойға ғана рұқсат жоқ екен. Әйтпесе, қоғамдық көліктің барлығы жолаушыларға лық толы. Демалыс орындарында да ығы-жығы халық. Базарлар да қалыпша жұмыс істеп жатыр. Сонда бұл вирус тойға ғана баратын, «сауықшыл вирус» болды ғой... Міне, мені қазіргі тығылып жасап жатқан той мәселесі толғандырады. Жасырып қайтейін, тереземізді тұмшалап, мейрамхананың артынан ұры секілді тығылып кіріп жасайтын тойдан шаршадық... Қысқасы, тойды белгілі бір шектеумен ашық түрде жасау керек немесе мүлде болдырмау керек! Не бүк, не шік болсын!

Ғазиз ЕСМҰХАНОВ, Бостандық ауданының тұрғыны:

ҚУАҢШЫЛЫҚТАН ҚҰТҚАРУ КЕРЕК

Қазір байқасаңыз, қаламыздың барлық аймағы судан таршылық көрген ағаш көшеттер мен сап-сары болып күнге күйіп кеткен көгалдардан көз сүрінеді. Ағаштар көз алдымызда «өліп» жатыр. Бұл салаға да арнайы қаражат бөлініп, штат кеңейтілген шығар. Неліктен жасыл-желек

уақытылы суарылмайды? Арнайы мамандар өз жұмыстарына неге мұнша немқұрайдылық танытады? Түсінбеймін. Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе деп мен осы жасыл желекті жаппай қуаңшылықтан құтқару керек деп айтар едім. Әйтпесе, сіздің анда-санда құйған бір-екі шелек суыңыздан түк шықпайды. Ағаш та тіршілік иесі, оған да күнде су керек, нәр керек! Бір ай жақсылап күтсе, жасыл желекке жан бітіруге болады. Ол үшін жалпы-қалалық қандай да бір акция ұйымдастыру керек болар, бәлкім. Соны қолға алсаңыздар дейміз.



Бауыржан СЕРБАЙҰЛЫ, «Теректі» ауылының тұрғыны:

БІЗГЕ КЕРЕГІ ЖАЙЛЫ ОРТА

Миллиондаған халқы бар алып шаһарда тұрған соң кез келген тұрғын өзінің жеке басына қатысты қажеттіліктерден бөлек, өмір сүруге қажетті инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілгенін қалайды. Өз басым менің бұл сөзімді құптамайтын жан болмас деп ойлаймын. Бізге керегі жайлы орта. Басқа ештеңе емес. Түнде жарығымыз жанып, тактайдай түзу жолдың жиегінде арықтан су ағып жатса, көгілдір отын мен ауызсудан таршылық көрмесек, кәріз жүйесі орталықтандырылған жү-

йеге қосылса, мектебіміз бен емхана-мыз талапқа сай болса дейміз. Бірақ неге екені, жағдайымыз әлі күнге дейін жақсарар емес. Қала әкімінің жарғақ құлағы жастыққа тимей қарамағындағыларға тапсырма беріп жататынын көреміз, білеміз. Бірақ жергілікті аудан басшылары шаһар басшысының тапсырмаларын орындауға асығар емес. Міне, «Теректіге» жол салынады дегелі неше жыл болды. Шеті де түртілген жоқ. Мына түрімен биыл да батпаққа батып, өмір сүретін сияқтымыз. Сол себепті, несін жасырайын, әр істің артында жең ұшынан жалғасқан жымысқы жемқорлық жатқан соң жұмыс жүрмей жатқаны анық. Мені толғандыратыны осы.

Бағдат МАҚСАТҰЛЫ, сауда саласының маманы:

ЕҢБЕКТІҢ БАҒАЛАНҒАНЫ ЖАҚСЫ

Алматыдай алып қаланы басқарып, оның отымен кіріп, күлімен шығудың қандай қиын екенін жақсы білемін. Қалада мүлде жұмыс атқарылмай жатыр деп айтуға болмайды. Көшелер жөнделіп, жарықтар орнатылып жатыр. Құрылыс қарқыны да ешқашан тоқтаған емес. Тұрмыс нашар болса, Алматы жылжымайтын мүлік нарығында көш бастап тұрар ма еді?! Демек, жағдай соншалықты жаман деуге келмейді. Сондықтан жақсыны жоққа шығаруға болмас. Жалпы, басшы болған соң мойнына жүктелген міндетті абыройлы атқарып, ісіне адалдығымен, еліне жасаған жақсылығымен танылып, халықтың ықыласына бөленіп жүргенге не жетсін! Қоғам мен билік арасындағы байланыс деген осы емес пе?! Демек, адами қасиетті берік ұстанып, еліне адал қызмет етуі арқылы халықтың алғысына бөленген жандар ғана ел есінде ұзақ уақыт сақталады. Мен соны түсіндім!

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ШАҒАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«ЖАҢА АЛМАТЫДА» – САПАЛЫ АУЫЗСУ

8 шағынаудан тұрғындары тіршілік нәрімен толық қамтамасыз етіледі

Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Қала халқын таза сапалы ауызсумен қамтамасыз ету – бүгінгі таңдағы басты назарда тұрған міндеттердің бірі.

Мегаполисте қаланың жаңа шағынаудандарының инженерлік инфрақұрылымын дамытуды көздейтін «Жаңа Алматы» кешенді бағдарламасы қолға алынғаны белгілі. Жалпы, бұл бағытта өткен жылы 160 шақырым су құбыры және 140 шақырым кәріз желілерінің құрылысы аяқталған.

Қазіргі уақытта ұзындығы 170 шақырым су құбыры және 140 шақырым кәріз желілерінің («Алғабас», «Ақжар», «Әйгерім-1, 2», «Боралдай», «Құрамыс», «Кемел», «Қайрат», «Көкшоқы», «Көлсай», «Каменское плато», «Төменгі Пятилетка», «Теректі», «Таусамалы», «Тау-

жолы», «Жас қанат», «Шұғыла», «Шапағат», «Шаңырақ-1») құрылыс-монтаждау жұмыстары жалғасуда.

Алдағы айларда «Думан», «Ақбұлақ», «Қайрат», «Әлмерек», «Нұршашқан», «Өжет», «Қарасу» шағынаудандарында және Жетісу ауданының бірнеше ондаған көшелерінде орналасқан бірнеше мың жеке аз қабатты үй құрылыстары жаңа су құбыры және кәріз желілеріне толығымен қосылмақ. Желілермен қатар, бір мезгілде су тарту құрылыстары да белсенді салынууда. Ағымдағы жылдың соңына қарай қуаты тәулігіне 15 мың текше метр болатын «Қарғалы» су тарту құрылысының жұмыстары аяқталатын болады. Бұл жұмыстар 2020 жылы басталған. Аталған сүзгі станциясы Наурызбай ауданының «Қарғалы», «Қарағайлы», «Таусамалы», «Құрамыс», «Тастыбұлақ» шағынаудандарының 35,5 мың тұрғындарын

сумен жабдықтауға мүмкіндік береті.

Осы секілді, «Тастыбұлақ», «Ақжар», «Таужолы», «Шұғыла» шағынаудандарының 40 мыңнан астам тұрғындарын сумен жабдықтауға мүмкіндік беретін өткізу қуаты тәулігіне 22 мың текше метр құрылысты «Ақсай» өзенінде де салу жоспарлануда.

Бостандық ауданының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі 22 мың тұрғынды сумен жабдықтау үшін («Ерменсай», «Нұрлытау», «Нұралатау», «Ремизовка» шағынаудандары кіреді) қуаты тәулігіне 9 мың текше метр болатын «Ерменсай» су тартқышының жобалық құжаттамаларын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Медеу ауданының оңтүстік бөлігіндегі тұрғындардың мұқтаждығы үшін сорғы станциялары, таза су резервуарлары, жаңа су тарту ұңғымаларын қамтитын құрылыстар кешенін салу жоспарланып отыр.



Жол құрылысы қарқынды

Рая ЕСКЕНДІР

Биыл Жетісу ауданындағы 11 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Олардың жалпы ұзындығы 18,3 шақырымды құраса, оған қоса, жүргіншілерге арналған тротуарларды ретке келтіру жұмыстары да бірге атқарылуда.

Енді аз уақытта Рысқұлов пен Сүйінбай даңғылдарындағы жөндеу жұмыстары аяқталып, пайдалануға беріледі. Бұдан өзге, Таймырский, Москвина, Черновская, Галилей және Бірінші май мұнай базасы, Геологтер, Талант және Жансүгіров көшелерінде әлі де жөндеу

жұмыстары жүргізіліп жатыр. Күдерін көшесіндегі жөндеу жұмысы аяқталды.


Жетісу ауданындағы Есенов, Нүсіпбеков, Палладин көшелері мен «Айнабұлақ-2» ықшамауданындағы ұзындығы 1,4 шақырым болатын жаяу жүргіншілер жолдарына да жөндеу жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ, биыл ұзындығы 4,2 шақырым болатын 11 көше бойындағы арық желілері жөндеуге тиіс. Сонымен қатар, Ачинская, Зубарев, Жангелдин, Галилей, Дыбенко, Шекспир, Волочаевская, Шелихов, Павлодар, Қазыбаев көшелері мен «Айнабұлақ-1» ықшамауданындағы жұмыстар әлі де жалғасып жатыр. Тамыздың соңына қарай арық желілерін жөндеу аяқталмақ.



QAZAQSTAN30

«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН ҮШІН МАҢЫЗЫ...»

Алтынай ҚАСЕНОВА,
экономика ғылымының PhD докторы:



— Еліміздің ең басты дүниесі Тәуелсіздік — Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі. Тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында ғана Қазақстанның сөзі мен ісін бүкіл әлем таныды. Дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді. Отыз жыл дегеніңіз, аз ғана кезең. Бірақ осы жауапты жылдар еліміздің болашағына деген үлкен қадамдардың бастауы. Бүгінде елімізді экономика тұрғысында қарқынды дамып келе жатқан мемлекет деп таныса, бір жағынан бейбітшілікті ту еткен, ұлттар достығының үлгісі деп те таниды.

Әрине, бұл ретте Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еселі еңбегін айтып өткен жөн. Себебі, Тәуелсіздікпен Елбасының есімі қатар жүреді. Барлық ғұмырын елге қызмет етуге арнап келе жатқан тұлғаның ізгі жолы кейінгіге үлкен өнеге. Бүгінде шартарапта өзіндік беделі, өзіндік ұстанымы бар, өзгелердің біздің оймен санасатындай мемлекет деңгейіне көтерілуі Елбасының қажырлы еңбегінің арқасы. Тәуелсіздікке жету қандай қиын болса, оны сақтап қалу да сондай қиын. Бүгінде әрбір азамат бабалар аңсаған еркіндіктің қадіріне жете біліп, ақыретке дейін Тәуелсіздігіміздің баянды болуына ниетті болу керек.

Әсел ТОҒЖАНОВА,
«Learning intellectual» білім беру орталығының мұғалімі:



— Тәуелсіздіктің нығаюына ерлермен бірге, әйелдердің де ыық тіресе қосқан үлесі зор. Оның ауыз толтырып айтарлықтай мысалдарын алыстан іздемей-ақ, өзіміздің өмір сүріп жатқан қаламыздан-ақ кездестіруге болады. Әйелдер Алматының әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани-мәдени жағдайына үлкен әсер етуде. Олар бұл салалардың дамуына қозғаушы күш болуда. Қазіргі таңда медицина, ғылым саласында әйел адамдардың көш бастап келе жатқанын көруге болады. Менің ойымша, еліміз өз алдына Тәуелсіздігін алғаннан кейін әйелдер қауымына еркіндік пайда болды.

Сол себептен, үлкеніміз болсын, кішіміз болсын, азаттығымызға алғысымызды білдіреміз. Қазіргі таңда менің ағылшын тілінен білім беретін өз орталығым бар, ол жерде біз 6 жастан 50 жасқа дейінгі қала тұрғындарына білім береміз. Соған қарап-ақ адамдардың өркендеуге, білім алуға деген құштарлығын білуге болады. Мен Тәуелсіз еркін елде өмір сүріп, өзім қалаған оқу орнында білім алып, сүйікті ісіммен айналысып жатқан бақытты ұрпақпын.

Руслан ӘШІМОВ,
медицина ғылымының магистрі:



— Қазақстан — біздің еркін әрі бақытты күн кешіп жатқан Отанымыз. Әлемде екі жүзге тарта тәуелсіз мемлекет бар. Олардың өз тілі, діні, ділі, салты мен дәстүрі, ғұрпы, мәдениеті дамыған. Оған қоса, ішкі және сыртқы экономикасы да қалыптасқан. Қазақстан — өз Әнұраны, Елтаңбасы, Көк байрағы мен ұстанымы бар зайырлы мемлекет. ТМД елдері арасында тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялаған күннен бастап бұл елдің өз халқы, өзіне тән ұлты мен тілі бар. Тарихтың тереңіне үңіліп, әрбір тас бетінде қалған таңбаларға қарап, бабаларымыз жасап келе жатқан дәуірлердің есебінде кеткен шайқастар, аштық, жау тылында қалған жұрттың әрбір қаны мен көз жасына қарап, тәуелсіздіктің қандай керемет ұғым екенін сезінеміз.

Біз бейбіт елдің ұрпағымыз, біз еркін елдің ұлдарымыз. Бірақ бізге дейінгі осынау ұлан-байтақ жерді, елді аманаттап келе жатқан батырлар мен ұлы тұлғалардың төккен тері өз алдына бір төбе. Елдің еркіндігін аңсау бар, оған жету бар және оны ұстап қалу деген жауапкершілік бар. Үш түрлі кезеңнің үш түрлі тарихы бар. Біз осы кезеңнің үшіншісіндеміз. Яғни келешекке бастаушы, келешекті жасаушы ұрпақпыз. Ендеше, қолда бар алтынның қадірін білу, оны келесі ұрпаққа аманаттау және жеткізу — мойнымыздағы парыз!

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Ел игілігі үшін жасалған маңызды жобалар

Тәуелсіздік алғанымызға биыл – 30 жыл! Әрине, бұл көп уақыт емес. Алайда, осы қысқа мерзімде еліміз саяси, әлеуметтік–экономикалық, мәдени–әдеби жағынан, т.б. салалар бойынша қарқынды дамыды. Көптеген ірі бағдарламалар қолға алынып, өз тиімділігін көрсетті. Біз бүгін қарапайым халықтың көңілінен шыққан мемлекеттік бағдарламалар төңірегінде сөз қозғағанды жөн санадық.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

100 мыңдаған адам жұмыспен қамтылды

Дүниежүзілік қаржы дағдарысы алқымнан алған тұста Елбасы қызметкерлерді жаппай жұмыстан қысқартудан аман сақтап қалу үшін «Жол картасы» бағдарламасын қолға алып, оның тиімді орындалуын Үкіметке айрықша тапсырды. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін бюджеттен жыл сайын 150 миллиард теңге қаражат бөлініп отырды. Жаңадан 500 мыңнан аса жұмыс орны құрылды. Еңбек рыногының тұрақтануында «Жол картасы» бағдарламасының аясында салынған әрбір құрылыстың да, кез келген жолдың да жауапкершілігі айтарлықтай жоғары. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және әлеуметтік қамсыздандыру нысандары бойынша да осыны айтуға болады. Бұл ретте ерекше айта кететін жайт, Елбасы бастамасымен жылдар бойы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген әлеуметтік нысандар жаңартылып, дағдарыс салдарынан жұмыссыз қалғандар жаңа мамандықтарды игеріп, отбасын асырады. Бұл бағыттағы жұмыстар әрбір облыс, аудан орталықтарында, тіпті ауылдық елді мекендерде де жүзеге асты.

Мектептер мен ауруханалар жөндеді

Нақты сандарды сөйлететін болсақ, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша ел өңірінде Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін реконструкциялау жөнінде 862 жоба іске асырылып, 737 шақырым электр желісі, 1029 шақырым сумен жабдықтау желісі, 284 шақырым жылу трассасы, 4793 шақырым автожол, 3657 мектеп пен аурухана, сондай-ақ 368 мәдениет пен спорт нысаны жөндеді. Онымен қоса, 67 әлеуметтік нысанға (қарттар мен мүгедектерге, психикалық аурулармен ауыратын адамдарға арналған интернат үйлері) түрлі деңгейдегі жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Жол картасын» және экономиканың болашақ сұранысын іске асыру үшін 100 мыңнан аса қазақстандық тегін, мемлекет есебінен екінші мамандық алды, неше түрлі қайта даярлау курстарынан өтті. Олар слесарь, электромонтер, сырлаушы, сылақшы, тас қалаушы, монтаждаушы, құрылыс машиналарын жүргізуші,

ағаш шебері, сонымен қатар шаштараз, аспазшы, массаж жасаушы, тігінші кәсіптерін игерді. Осының нәтижесінде 300 мыңнан аса жұмыссыз адам жұмысқа орналасып, 500 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

Мемлекеттік бағдарламалар ел игілігіне арналады

Ауылдық елді мекендер де бұл бағдарламаның игілігін көрді. 246 мәдениет үйі жөндеді. Шыны керек, көпшілік ауыл аймақтарында мұндай



нысандар қаншама жылдан бері жөндеу көрмеген еді. «Жол картасының» арқасында ауылдағы тозығы жеткен ғимараттарға қайта қан жүгірді. Сонымен қатар, 420 ауылдық елді мекен абаттандырылып (газон егу, гүлзарлар өсіру, аймақтарды санитарлық тазалау, шағын түрлі әлеуметтік нысандарды жөндеу), қайта жандана түсті. Бұл бағдарлама тоқтап қалған жоқ. Елбасымыз бір сөзінде: «Біз бұл бағдарламаны тоқтапаймыз, әлі де жалғасын табатын болады. Бірақ енді бағдар өзгеріп, аудан-ауылдарда шағын, кішігірім өндірістер ашылуы тиіс. Ендігі негізгі басымдық шағын өндірістерді ашуға жұмсалады», — деген еді. Осы ретте «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы қолға алынып, табысты жүргізілуде. Кәсіпкерлікті қолдау бойынша он мыңдаған адам кәсіпкерлік негіздерін үйреніп, шағын несиелер алып, істерін дөңгелетіп отыр. Онымен қоса, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленіп, «Nur Otan» партиясы бекіткен «Жұмыспен қамту» бағдарламасын да айта кеткеніміз жөн. Өйткені, бұл

қос ірі жоба («Бизнестің жол картасы», «Жұмыспен қамту») «Жол картасы» бағдарламасының жалғасы болып табылады. «Жұмыспен қамту» бағдарламасында тегін кәсіптік білім беріп, жұмыссыз жүргендер мен әлеуметтік аз қамтылған отбасы мүшелерінен мамандар даярлау, оларды жұмысқа орналастыру көзделген. Бір сөзбен айтқанда, мұнда жұмыссыздықпен күресіп, еңбек нарығын отандық мамандармен қамтамасыз етудің жолдары айқындалған. Бұл бағдарлама «екі қолға — бір күрек» іздеген азаматтарға қоғамнан өз орнын табуға зор мүмкіндік береді.

Болашақта да түрлі бағдарламалар қолға алынады

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне сәйкес, «Жұмыспен қамту» бағдарламасы шеңберінде ел бойынша 3000-нан аса кәсіпорынға 15 мың адам жұмысқа алынды. Онымен қоса,

еңбек мобильділігін арттыру бойынша Қазақстанның он аймағында 865 жеке тұрғын үй мен 64 көппәтерлі тұрғын үй салынған. Бұған мемлекет қазынасынан 11 млрд. теңге бөлінген. Бұған адамдар «Жұмыспен қамту» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасқан. Осы бағдарламаның арқасында елдегі жұмыссыздар саны мейлінше азайып, жұмыссыздық деңгейі бірнеше пайызға төмендеп келеді.

Қалай десек те, мемлекеттік бағдарламалар өңірдегі елді мекендердің дәулеті мен сәулетіне өзіндік қолтаңбасын қалдырумен қатар халықтың күнкөрісін жақсартып, көп көмек берді дегуге толық негіз бар. Еліміз экономикасының қарқыны бәсеңдеген кезде де мемлекеттік жобалар өзіне тиесілі жүкті, жауапкершілікті өз деңгейінде атқарып келді. Жұмыссыздарды жұмыспен қамту, оларға еңбекке төлеу, әлеуметтік инфрақұрылым әлеуетін арттыру сынды көкейтесті мәселелер болашақта да түрлі бағдарламалар аясында кең ауқымды түрде атқарылатыны күмәнсіз.

сының өкілі атап өткендей, құрылыс өндірісін ұйымдастыру аясында заңбұзушылықтар жиі кездеседі. Мысалы, қоршауларды, жаяу жүргінші траптарын орнату кезінде, құрылыс материалдарын қоймалау кезінде, сондай-ақ объектіде атқарушы техникалық құжаттаманы ресімдеу кезінде, бетон жұмыстары технологиясын бұзу, қайта жабу, асфальтбетон жабынын төсеу, жобалық шешімдерден ауытқу секілді жұмыстарда кемшіліктер көп.

Құрылыс жұмыстарын бақылау қорытындылары бойынша 42 лицензияның жұмысы тоқтатылды, 360 лицензия күшін жойды. Одан бөлек, құрылыс объектілерінің тиісінше бақыланбағаны үшін 15 техникалық қадағалау ұйымының жұмысы тоқтап, оның ішінде 4 сарапшы аттестатының күші жойылды.

Әзірлеген
Құралай ЖҰМАДИЛОВА.

Лицензиясынан айырылды

Алматы әкімдігі құрылыс компанияларының 350 лицензиясының күшін жойып, тағы 42-сінің жұмысын тоқтатты.

Алматы қаласының Қала құрылысын бақылау басқармасы басшысының орынбасары Олжас Төлебаев Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде жосықсыз құрылыс салушыларға қатысты қалада қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы мәлімдеді. Спикер сондай-ақ, бірқатар құрылыс компанияларының мемлекеттік лицензиясынан айырылу себептерін атады.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев құрылыс жұмыстары өндірісіндегі стандарттардың сақталуына бақылауды күшейтуді тапсырған

болатын. Қала құрылысын бақылау басқармасы басшысының орынбасары Олжас Төлебаев Алматыда жарты жылда 989 құрылыс нысанының салынғанын айта келіп, оның ішінде 338 нысан пайдалануға берілгенін хабарлады. Бүгінде 651 нысанның құрылысы жүріп жатыр, нақтырақ айтсақ, 209-ы бюджеттік, 442-сі коммерциялық нысанның құрылысы жалғасуда. Олжас Төлебаевтың айтуынша, бүгінде қалада барлығы 323 құрылыс компаниясы мен 135 техникалық қадағалау ұйымы жұмыс істейді. Жыл басынан бері тексеру қорытындысы бойынша құрылыс сапасына әсер ететін заңбұзушылықтар үшін 44 мердігерлік ұйым жауапкершілікке тартылған. Қала құрылысын бақылау басқарма-



ЕҢ ҚҰРМЕТТІ МАМАНДЫҚ

Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Тамыз айының екінші жексенбісінде Халықаралық құрылысшылар күні аталып өтті. Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуеттік тұрақтылығы – құрылыс саласының дамуымен тікелей байланысты деуге болады. Осы тұрғыда қаламыздағы іргетасы қаланып, ел игілігіне ұсынылып жатқан құрылыс нысандарын назарға ұсынып отырмыз.

Жолайрықтар

Алматыда биыл көлік жүктемесі жоғары жол учаскелерінде үш жолайрықтың құрылысы жалғасып жатыр. Олар – Бұқтырма көшесі мен Құлжа жолы, Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесі, Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесі қиылыстарында салынып жатқан жолайрықтар. Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесі қиылысындағы жолайрық кіші жол айналымы құрамына кіреді. Жолайрық қаланың солтүстік бөлігіндегі көлік ағынын жеңілдетеді. Үстіміздегі жылдың соңында – келесі жылдың басында Бұқтырма көшесі мен Құлжа жолы қиылысындағы жолайрықтың құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Үлкен Алматы өзендерінің бассейнінде екі сел бөгетінің құрылысы қарқын алды. Бұл гидротехникалық құрылыстар 3 мыңға жуық нысанды және 40 мыңнан астам қала тұрғынын қорғауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қалалық ТЖД сел қаупін бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жобасын жасалуда. Бірінші кезеңде Үлкен және Кіші Алматы өзендеріне 10 станса орнатылған. Тағы 21 станса екінші кезеңде қойылады. Жүйе бойынша таулы өзендердегі жағдайға 10 параметрге дейін автоматты түрде мониторинг жүргізіліп, оның ішінде су деңгейі, ауа



Жолайрықты пайдалануға беру Түркісіб ауданы мен қала маңы елдімекендеріндегі 350 мыңға жуық тұрғынның мобильділігін арттырады.

Үлкен Алматы айналма жолы

Алматыны айналатын алып жолдың жобасы 10–15 жылдан бері айтылып келе жатқаны белгілі. Жобаның жалпы құны 150 миллиард теңгені құрайды. Ол концессиялық негізде, яғни мемлекеттік-жекеменшік әріптестікпен жүзеге асады. Ұзындығы 60 шақырымнан асатын көп-жолақты жол Алматының шығыс, солтүстік және батыс шетінен, яғни іргелес Қарасай, Талғар және Іле аудандарынан, 14 елдімекеннен өтеді. Ал құрылыс аяқталғаннан кейін бұл жол «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық магистралімен тепе-тең болады. Құрылысты қазақстандық құрылыс компанияларымен қатар, шетелдік, оның ішінде Түркия, Оңтүстік Корея елінің құрылысшылары жүргізеді.

Сел бөгеті

Бүгінде Бакытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша қаланың сел қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі жүйелі түрде шешілуде. Қалада тасқынның алдын алатын сел бөгеттерінің құрылысы басталды. Атап айтқанда, Ақсай мен

мен су температурасы, топырақ ылғалдылығы, жауын-шашын қарқындылығы және сел жүру қаупі анықталатын болады.

Пәтерлік үй кешендері

Шаһарда ескі үйлердің орнына пәтерлік үй кешендерін тұрғызу жұмыстары іске асырылуда. Тозығы жеткен ескі үйлерді сүру жұмыстары қала көркін айқындап қана қоймай, тұрғындардың қауіпсіздігін сақтауда да маңызды орын алмақ. Осы тұрғыда биыл қалада ескі үйлер сүріліп, алаңы 12,5 мың шаршы метр болатын 183 пәтерлік үш үйдің құрылысы басталды. Атап айтқанда, «Жұмысшылар поселкесі» елдімекенінде Райымбек даңғылы – Крылов – Казаков – Боткин – Гончаров – Скрябин көшелерінің қиылысында реновациялау бағдарламасы бойынша үйлер салынуда.

Құрыш білекті құрылысшылардың еңбегін бір ауыз сөзбен түйіндеуге болмайды. Олардың ел экономикасына қосып жатқан үлесі ұшан-теңіз. Құрылысшылар болмаса, өндіріс орындары, жол, сапалы тұрғын үй, мектеп, аурухана салынбас еді.

Яғни құрылысшыларсыз алға жылжу мүмкін емес. Олар ғасырлық маңызы бар тарихи жобаларды жүзеге асырудың да басы-қасында жүреді. Қаламыздың көркеюі мен алға жылжуына үлкен үлес қосып жатқан құрылысшыларды мерекелерімен құттықтаймыз!



ІСКЕР АНА



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Бизнесің жол картасы–2025» бағдарламасы аясында Алматы қаласының тұрғыны Бибігүл Нұрбекова 2 млн. теңге көлемінде инновациялық грант алды. Бизнес-жобасына «Qolday» кәсіпкерлік орталығы қолдау көрсеткен.

Мемлекеттен алынған қаражатқа жеке кәсіпкер тігін машиналарын және кәсібіне керекті шикізаттар сатып алған. Грант иегерінің айтуынша, колонер кәсібі, дәлірек айтсақ, ер-тоқым және басқа да ат әбзелдерін

ЖҰМЫС ҮСТЕЛІ

Мен жұмысқа шаһар іргесіндегі ауылдан қатынаймын. Алматы билігі мегаполиске сырттан келіп істейтін азаматтарға жағдай жасап, қоғамдық көліктер шығарып қойған. Күндік нәпақасын қаладан айырып жүрген ағайын бұрынғыдай салдырлаған ескі автобустармен емес, енді сырты жап-жасыл жана автобустармен қатынап жүр. «Онаймен» төленетін жолақысы да тиімді.

Кеше әдеттегідей №203 автобуска отырдым. Жүргізуші оң жағындағы орынға шағын кілемше төсеп қойыпты. Өрнекті беті тап-таза. Бір шетіне жолаушыларға билет кесіп беретін аппаратын қойыпты. Жанында ұялы телефоны жатыр. Бір кезде кілемшенің үстің басып өтіп, ең алдыңғы орынға жайғасып жатқан етженді әйелге жүргізуші сөйлеп қалды.

– Мұныңыз не, адам отыратын жерді таптап өттіңіз?! – деді.

Жөн сөз. Автобуста кісі көбейіп кеткенде әлгі таза кілемшенің үстіне үлкендер де, балалар да жайғаса кетеді. Отыруға жайлы. Ал Алматыға жеткенше талай жер бар.

Ылғи байқаймын, автобус жүргізушілерінің көбі өз маңындағы сол орынды ұқыпты ұстап, кейбірі әлгіндей кілемше, енді бірі палас төсеп қояды. Пайымдауымша, ол жер – автобус жүргізушісінің таңнан кешке дейін тапжылмай отыратын жұмыс орны. Сондықтан жұмысына құрметпен қарайды, күнделікті жұмысын сүйіспеншілікпен атқарады деп түсінемін. Қаншама жолаушыны әкеле жатқан жүргізуші солайша өзіне жұмыс атмосферасын жасап қойған. Ал жұмыс орныңыз жайлы болса, ісіңіз де алға баспақ.

Біз суреттеген – қарапайым ғана еңбек адамының, жүргізушінің жұмыс кеңістігі. Ал сіз офистегі жұмыс үстеліңізге қаншалықты мән бересіз?

Байқасаңыз, кей әріптесіңіздің үстелінде

жасау ата-бабасынан жалғасып келеді. Иә, ұлттық бұйымдарды Нұрбековтер отбасының төртінші ұрпағы жалғастырып келеді.

Сәл шегініс. Бибігүл Нұрбекова 2019 жылы Алатау аудандық «Бакытты отбасы» орталығына келген болатын. Онда іскер әйел мемлекеттік «Еңбек» бағдарламасы туралы естіп біліп, Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығынан курс оқып шығады.

Кейінірек, міне, грант ұтып алады.

– Біздің үлкен әулетті осы бизнес көзі асырап отыр. Атап айтсам, өзімнің отбасымды, бауырларымды, олардың отбасы мүшелерін, жиендерімді киіндіріп, ішіндіріп отыр. Бұл – өте ауыр, қолмен істелетін, төзімділікті, шеберлікті талап ететін жұмыс. Біз ер-тоқымның негізін алдымен ағаштан кесіп алып, бастаймыз, теріні де өзіміз қолмен илейміз. Металл бөлшектерін дәнекерлеу арқылы дайындаймыз, – дейді Бибігүл Нұрбекова.

Бір ер-тоқымды жасау кейде үш күнге дейін созылатын көрінеді. Тапсырыстар Қазақстанның барлық аймағынан да, шет елдерден де түседі. Біздің еліміздегі көкпар мен бәйге ойыншылары да Нұрбековтерді жақсы біледі екен.

– Бұл – қанат жаюымызға тиімді бизнес көзі болып тұр. Қазақстан бойынша бәсекелестеріміз де көп емес. Сондықтан біздің отбасылық жеке кәсібіміздің одан әрі дамытынына сенеміз. Бізге қолдау көрсеткені үшін мемлекетке алғыс айтамыз. Инновациялық гранттар шағын бизнесті дамыту үшін өте маңызды, – дейді іскер әйел Бибігүл Нұрбекова.

артық қағаздар, заттар жоқ, тап-тұйнақтай болып тұрады. Жұмыс үстеліне ата-анасының немесе балаларының суретін рамаға салып қоятындар да бар. Түрлі сувенирлермен көмкеретіндер де жоқ емес. Компьютерінің бір бүйіріне кактус отырғызатындар да баршылық. Оған керісінше, үстелі қағазға толып, бейберекет шашылып жататындар да болады. Бір қызығы, сол тау болып үйіліп жатқан қағаздардың арасынан өзіне керекті бірден тауып ала қоятынын қайтерсіз.

Қазір – бәрі цифрланған заман. Сондықтан бүгінде көп нәрсеміз үстел үстінде емес, компьютерде тұрады. Бұл да жұмыс орнымыздағы қағаздардың қобырап жатпауына үлкен көмек. Бірақ компьютерде де «жұмыс үстелі» барын ескерсек, мониторының бетінде түрлі файлдардың ретті, ретсіз шашырап жататын адамдарды да байқайсыз. Ол файлдардың кейбірінің тіпті ескіріп кеткен болуы да мүмкін. Ал оған керісінше, кей адамдар жеке-жеке папка ашып, бәрін рет-ретімен сонда салып отырады.

Ал адамның қандай екенін немесе қандай жұмысқа маман екенін оның жұмыс орнына қарап білуге болатынын ғалымдар әлдеқашан дәлелдеп қойыпты. Мәселен, АҚШ-тағы Принстон университетінің мамандары шашылып жатқан жұмыс орны адамның зеректігін дамытатынын дәлелдеген. Онымен қоса, ұқыпсыз жұмысшы өнімді жұмыс істейтін көрінеді.

Ал Миннесота университетінің ғалымдары «Егер адамның жұмыс алаңы ұқыпсыз, шашыраңқы болса, онда оның шығармашылыққа бейімі мен қабілеті ашылады, өзгеше ойлайтын болады. Ал жұмыс алаңын реттестіріп, әрқашан таза ұстайтын жандар реттік ойлау жүйесін дамытады» деген шешімге келген. Осы зерттеуге қатысқан адамдар бірде таза, енді бірде шашылып жатқан жұмыс орындарына ауысып отырып, анкета толтырған екен. Сонда таза столда отырып анкета толтырғандардың қайырымдылыққа, дұрыс тамақтануға және жалпы дұрыс өмір сүруге талпынатыны белгілі болған.

Қалай десек те, сүйіп істеген әрбір істе береке бар.

Нұр ЖАМАЛ.





ЕГІЗДЕР



АҚЕРКЕ МЕН ЖАНЕРКЕ

Ганикыздары Ақерке мен Жанеркені анасы Мәншүк Ботымбаева 20 жасында өмірге әкелді. УЗИ-ге барып, құрсағындағы баланың егіз екенін білгенде не жыларын, не қуанарын білмей абдырап қалғаны бар. Сосын сыртта күтіп отырған енесі мен күйеуіне «екеу» деп шыққан сәті әлі көз алдында. Егіздер қайын жұртының тұқымында бар екен.

Иә, екеуін бағу қиындау болғанын жасырмайды. «Өзім де әлі жаспын, ештеңенің мәнісін көп біле бермеймін. Бала жыласа, қосыла жылайтынмын», – деп күледі. Екеуін аяқтандырып, бағып-қағуда енесінің көп көмегі болғанын ризашылықпен атап өтті.

– Қыздарымның мінезі әртүрлі. Ақеркем ауырлау, анау-мынауға қозғала қоймайды. Жанеркем ашық. Екеуіне ортақ ерекшелік – сурет салғанды ұнатады. Мектептегі барлық іс-шараға қатысып жүреді. Би билейді. Бірақ болашақта екеуінің де дизайнер, суретші болғанын қалаймын. Себебі, осы салада үлкен жетістіктерге жететініне сенемін, – дейді Мәншүк.

15-тегі егізді әңгімеге тартқан болатынбыз.

Әйелдің әдеттегі жүктілігі 39-40 аптаға созылса, екі балалы егізде – 36 аптаға, үшемде – 33-34, төртемдер кезінде – 30 аптаға, ал бес балалы егіздерде 28-29 аптаға ғана созылады екен. Егіз болатынын УЗИ арқылы жүктіліктің 6-шы аптасынан анықтауға болады. Осындай өзге де қызықтарды, кәне, бірге оқиық.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

● ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

- Егізді көп жағдайда 18 жасқа дейінгі немесе 30 жастан асқан әйелдер көтереді.
- Егіз бір ұрық клеткасының немесе екі ұрық клеткасының ұрықтануынан да болады. Бір ұрық клеткасынан дамыған егіздің бір ғана бала жолдасы болады. Мұндай жағдайда бір жынысты егіз туады және бұлар бір-біріне өте ұқсас болады.
- Екі ұрық клеткасының ұрықтануынан болған егіздің бала жолдасы бөлек, екеуінің бірі ұл, бірі қыз не бір жынысты болады. Олардың ұқсас болмауы да мүмкін.
- Егіздің бірінші немесе екінші болып дүниесі ашуы ана жатырындағы орналасуына тікелей байланысты.
- Егіздің бет-әлпеті мен дене пішімдері 100 пайыз ұқсас болғанымен, саусақ бедерлері мүлдем бөлек болады.



АЛДИЯР МЕН МАДИЯР

9 жастағы Нұржанұлдары Алдияр мен Мадиярдың анасы – Айнұр Нұрсәбет егіз бала сүйетінін жүктілігінің 8-ші аптасында біліпті. УЗИ жасап отырған дәрігер алдындағы монитормы ұзақ қарайды да, бір кезде сыртта күтіп отырған күйеуін шақырады. «Бірдеңе дұрыс болмай тұр ма, неге шақырды екен?», – деп жас ана мазасызданып, көңіл күйі түсіп кетеді. Сол кезде дәрігер ерлі-зайыптыға керемет жаңалықты жеткізеді. Егіздер Айнұрдың жолдасының нағашы жұртында бар екен.

– Соның алдында, УЗИ-ге бармай тұрып, жүкті екеніме анық көзім жетпеген соң, дәрігердің қабылдауына жазылған болатынмын. Дәрігерге баратын күні таңға жуық түс көрдім. Түсімде бір кейуанаға 2000 теңге беріп, сүп-сүйкімді екі ала күшік сатып алыппын. Әлгі күшіктерді өнімдегідей кеудеме қыса, құшақтап жатып ояндым. Сол күні құрсағымда егіз перзент барын білдім, – дейді Айнұр.

Егізді көтеріп, босанғаннан гөрі, бағып-қағу, өсірудің оңай еместігін ол да жасырмады. Оның үстіне, тұңғыш қызы 2 жаста ғана еді. Түнгі ұйқыны, уақытында тамақтануды ұмытқан кездері де болды. Екі бесікті кезек тербетіп, үйге келген адамға баланы ұстатып қойып, үй тірлігін істеп алуға тырысатын. Енді, міне, екеуінің қалай өскені де білінбей қалды.

– Ұлдарымның түр-келбеті бір-біріне қатты ұқсамайды, мінездері де, тіпті қан топтары да әртүрлі. Алдиярым – аңқылдақ, жүрегі кең, ширақ, ақылды, қагілез. Мадиярым – сабырлы, төзімді, ойы ұшқыр, байқампаз, ұқыпты. Екеуі де спортқа жақын. Футболды жақсы ойнайды. Таэквандодан қалалық жарыстардың жүлдегерлері. 5 жастарында осы спорт түрінен жарысқа қатысып, екеуі финалға шыққаны бар. Бірақ Мадияр кішілік танытып, Алдияр алтын медаль алды, – деді жанарына мейірім ұялаған ана.

АҚЕРКЕ:

– Көбінесе бірдей киініп жүруге тырысамыз. Маған егіз ретінде бірдей киімдер киген ұнайды. Көбіне жасыл, қоңыр, сары түсті киімдерді жақсы көремін.

ЖАНЕРКЕ:

– Ал маған ақ, сары, көк түстер ұнайды. Кейде киім таңдауда талғамымыз сәйкес келмей қалып жатады. Сосын Ақеркеге ұнағанды мен, маған ұнағанды ол алғысы келмейтін сәттер де болады. Ондай кезде маманың шешіміне құлақ асамыз. Өйтпесе, «осы жолы менің талғамымдағы киімді алайық, келесі жолы сенің ойыңдағыны сатып аламыз» деп ортақ келісімге келіп жатамыз.

АҚЕРКЕ:

– Киімдеріміз ауысып кетсе, ренжісіп қалатын сәттер де жоқ емес. Сол үшін барлық киімге «А», «Ж» деген белгі салып қоямыз.

ЖАНЕРКЕ:

– Біздің бір-бірімізге ұқсамайтын тұстарымыз көп негізі. Мәселен, Ақерке суретке түскенді ұнатса, менің түсе бергім келмейді. Оның есте сақтау қабілеті жоғары да, менде төмендеу, көп нәрсені ұмытып қала беремін. Ол спортқа, ал мен сабақ оқуға ынталымын. Ол

барлық нәрсеге ұқыпты, ал мен бірдеңені жоғалтып аламын не бүлдіріп қоямын. Сондықтан ортақ көп затымызды Ақерке қарап, ұқыптап жинап жүреді.

АҚЕРКЕ:

– Жанерке балаға жақсы қарайды, жұбандырып, ойната біледі. Ал мен бақсам, бала жылап кетеді. Біздің Жанерке мейірімді. Бұрын сабақтан қайтып келе жатқанда жолдан кезіккен мысық, күшіктерді аяп, үйге құшақтап көтеріп келетін. Сосын мама сөйлейтін. «Бізге өзі еріп келді» деп өтірік айтатын кездеріміз жиі болатын.

Біз есімізді білгелі ешқашан бөлек жүрмеппіз. Сондықтан қуанғанда да, жабырқап қалған сәттерде де ең бірінші кезекте бір-бірімізбен бөлісеміз. Ренжіп қалған кездерімізде Жанерке кешірімді, ашуы тез қайтады, бірінші болып сөйлесіп кетеді.

ЖАНЕРКЕ:

– Бізді айналамыздағы адамдар мінезіміз арқылы ажыратып жатады. Бір-бірімізді пайдаланып, орнымызға сабақ айтқан немесе басқа да нәрселер жасаған кезіміз болмапты. Екеуіміздің де арманымыз – өзіміз секілді бір-бірінен аумаитын жеке дүкеніміз болса дейміз. Кәмет жасқа толғанда қол ұстасып, шет елдерді бірге аралағымыз келеді.

МАДИЯР:

– Бізді ата-анамыз ырымдап, әлемге аты әйгілі Геннадий мен Максим Головкиндерге ұқсатады. Олар да біз сияқты бірі – сары, бірі – қара және аралары – 15 минут. Геннадий Головкин теледидарда сөйлегенде 15 минутқа кіші інісінің өзіне спортта жолын бергенін айтқаны есімде. Мен де Алдиярды қатты құрметтеймін.

АЛДИЯР:

– Біздің бір-бірімізден бөлек жүретін кезіміз өте сирек. Ылғи бірге жүретіндіктен, ренішті сәттеріміз де, қуанышты күндеріміз де бірге.

МАДИЯР:

– Менің көңіл күйім жаман болып тұрса, Алдиярда да жаманарақ болады, ол да қуанып жүре алмайды. Сондықтан бір-біріміздің көңіл күйімізге қарап тұрамыз.

АЛДИЯР:

– Барлық жағдайда да Мадияр кешірімшіл. Өйткені, ол менен 15 минутқа кішкентай. Достарымыз өте көп. Олардың кейбірі маған, кейбірі Мадиярға жақын.

Иә, енді көріп жатқан адамдар бізді шатастырып алып жатады. Кейін үйреніп кетеді. Біз

негізі бір-бірімізге қатты ұқсамаймыз. Мен сарылауым, бойым ұзындау. Ал Мадиярдың бойы менен аласалау, жүзі қара торы.

МАДИЯР:

– Мен ауырып қалған кезде Алдиярдың онлайн-сабақтарда мен үшін жауап берген сәттері бар. Мен оның біліміне сенемін.

Маған отбасыммен өткізетін қызықты сәттер ұнайды. Анам пісіретін торттар, тәттілерді жақсы көремін. Басқа мамалар дәл солай пісіре алмайтын сияқты көрінеді.

АЛДИЯР:

– Маған Мадиярдың әзілқойлығы, кешірімшілдігі ұнайды. Мен онымен мақтанамын.

МАДИЯР:

– Мен де сыңарыммен мақтанып жүремін. Мен жалпы егіз болып туғаным, сыңарымның ұл болғанына қуанамын. Болашақта әкем сияқты кәсіпкер болсам деймін. Сондықтан математика сабағын жақсы көремін.

АЛДИЯР:

– Мен әлі болашақта кім болатынымды тандай қоймадым. Бірақ елге пайдалы қандай да бір жаңалық ашқым келеді. Отбасыма арнап зәулім үй тұрғызсам деймін.

P.S.:

Армандар
орындалады!



ТӘТТІ ӨМІР

Дастарханымызды жайнатып, өзімізді де, келген қонағымызды да тойдыратын кондитерлік өнімдердің түр-түрі бар бүгінде. Базар мен дүкен сөрелерінде де отандық өнімдеріміз қаптап тұр. Олардың саны артқан сайын бәсекелестік те артып келеді.

Кондитерлік өнімдер дайындайтын ірі компаниялардан бөлек, үй жағдайында да өз ісін дөңгелетіп жүрген қыз-келіншектер аз емес. Статистикалық деректерге сүйенсек, қазақстандықтар бір жыл ішінде 250 мың тонна кондитерлік өнім тұтынады екен. Бұл дегеніміз – әр адамға орта есеппен 12 айға 19-19,5 келі тәттіден келеді деген сөз. Мамандардың пікірінше, сұранысқа ие өнімдердің негізгі бөлігін тоқаштар, мұздатылған шоколад және шоколадтан жасалған тағамдар құрайды.



● КЕРЕК ДЕРЕК

- Ежігей – қой сүтінен жасалатын, бал қосылған, құртқа ұқсас дәмді тағам.
- Келісөк – жаңа піскен тары сөгін келіге түйіп, сүт, қаймақ, қант қосып жасайтын тәтті тағам.
- Күлше – табада пісірілетін, тәтті қамырдан дайындалатын нан.
- Торты – сары майды қайнатқаннан кейін оның түбінде қоймалжың тұнба бөлініп қалады. Оны «торта» деп атайды. Тортаға бал қосып, нанға жағып жейді. Бұл торт бетіне жағылатын, бүгінгінің майлы кремі іспетті.



Әлихан ТАЛҒАТБЕК, сарапшы:

– Қазақстан нарығында кондитерлік өнімдердің импорты жыл санап күшейіп келеді. Өткен жылы отандық кондитерлер нарықтың тағы 7%-ын жоғалтты. Осы жылдың қаңтар, ақпан айларындағы көрсеткіш те көңіл көншітпейді. Әрине, мұның себебі көп. Біріншіден, бізге Ресей мен

Украинадан келетін өнімдерге ешқандай салық салынбайды. Ресейге салық салынбайтын себебі – Кедендік одақтамыз, яғни нарық ортақ. Ал Украинаның біздің елмен еркін сауда туралы келісімі бар. Дегенмен, дәл осы украиндық өндірушілерді қазақстандық тарап демпинг жасайды деп айыптайды. Яғни олар өз өнімдерін біздің тұтынушыларға тым төмен бағамен ұсынып отыр. Біздегі жағдайға келер болсақ, қант өткен жылы бірден 100%-ға қымбаттады. Басқа шикізат түрлерінің де бағасы өсті. Өнімді орау, таңбалау бар, майлардың да бағасы артты. Сондықтан бағаны көтеруге мәжбүрміз. Ал тұтынушылар бұл бағамен келіспей, арзан бағадағы өнімдерге иек артады.



Жанерке ЕРӘЛИ, үй жағдайындағы кондитер:

– Түрлі тәттілер пісіруге бала күнімнен қызығатынымын. Үйде бар заттармен торт пісіруші едім. Келін болып түскен соң бұл ісімді жандандырып әкеттім. Ата-енемнің көңілінен шығу үшін түрлі тәттілер, дәмді тағамдар пісіруді қолға алдым. Тіпті, күн сайын өзгеше тәтті пісірмесем, бірдене жетіспей тұрғандай сезінетін күйге түстім. Ақыры, бұл істің менің өмірімде үлкен орны бар екенін,

оның сүйікті хоббиыма айналғанын ұғындым. Осылайша торттар мен тәттілер пісіретінімді білетін туыстарым мен көршілерім тапсырыс бере бастады. Содан сүйікті ісім табыс көзіне айналды. Әлеуметтік желілерден парақша ашып, кондитерлік өнімдер жасайтын шағын ғана цех құрып алдым. Оған жұбайым, ата-анам көмек берді. Осылайша мерекелік іс-шараларға ұннан жасалған дәмді бәліштер мен торттарды ұсына бастадым.

Осы орайда, мемлекеттің «Бизнес-бастау» жобасының үлкен көмегінің тигенін айта кеткім келеді. Өткенде қала әкімі Бакытжан Сағынтаев мырза да «Алматы» телеарнасында өткен тікелей эфир барысында мемлекетке масыл болмай, өз бетінше кәсіп ашып, өзіне де, елге де пайдасын тигізіп жатқан әйел-аналарға алғысын білдірді. Бұл құрмет бізді одан әрі шабыттандырады деп ойлаймын.



Жанболат ТЕМІРҒАЛИЕВ, қала тұрғыны:


– Үйімізге қонақ келсе, дүкенге қарай жүгіретініміз рас. Қонақжайлылық қанымызда бар. Қалтамыздағы соңғы тиынмызды қақсақ та, бар жақсыны, бар тәттіні мейманның алдына қойғымыз келіп тұрады. Қазіргі таңда тәттілердің бағасы да шарықтап кеткендіктен, үнемдеуге тура келеді. Мен егер жұбайыммен дүкенге бара қалсам, міндетті түрде өзімізде өндірілген кондитерлік тағамдарды алуға тырысамын. Себебі, сонау алыстан, сырт елдерден келетін өнімдердің жарамдылық мерзімі тым ұзақ болады, сондықтан оның құрамына не қосатыны бізге белгісіз. Ал өзіміздің өнімдердің сапасына күмәнмен қарамаймын. Олардың сыртқы безендірілуі де жақсарып келеді. Екіншіден, тұтынушының ақшасы өзіміздің отандастарға түссін, кәсібін өркендетсін деген ниетім де жоқ емес. Сондықтан да жұмыста болсын, жақындарымның арасында болсын, бәріне дерлік отандық өнімді қолдануға кеңес беріп жүремін.

Дайындаған Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

● БАЛАЛЫҚ ШАҚТАН БІР БЕЛГІ

Біз бала күнімізде малшы ауылда тұрдық. Көрші үйде атамның қарындасы тұратын. Ол кісіні апа деп атайтынбыз. Апамның жолдасы қақпан, тззақ құрып, кейде мылтықпен аң-құс атып әкелетін.

Олар ірі қараны көптеп өсіретін. Ал менің әке-шешем уақ мал мен біршама сиыр ұстайтын. Дарияның жағасы болғаннан кейін бе, екі үй де бау-бақшамен айналысты. Өрік, шабдалы, шие, жүзім қандай тәтті десеңізші! Онымен қоса, табиғат берген даланың итмұрыны, саңырауқұлағы, жабайы жуасы болатын. Жездемдерде бала көп. Ержеткендері де, мектеп жасындағылары да бар. Ал біз – екі қарындасым, ата-анам, көкеміз – Абылайхан алтауымыз тұратынбыз. Кей-кейде атамның анасы – дәу әжеміз келетін. Жаз күндері киіз үй тігіп, ішінен жертөле қазып, айран-суымызды ішіне салып қоятынбыз. Ол – қазіргі тоңазытқыш. Құдды бір белгісіз аралда күн кешіп жатқандай болатынбыз. Бір күні жезде атам ұлдарымен аңға шығып, жолшыбай қақпанға түскен қасқырларды әкелді. Үйімізде Тузик пен Рекс дейтін иттеріміз бар-тын. Тузик шағын ғана, бірақ мығым, қытайдың пандасына ұқсас келетін. Өте қабаған. Ал Рекс бұған қарама-қайшы. Ірі денелі болатын. Екеуіне де ортақ мінез – қарсыласқаннан қан шығармай қайтпайтын еді. Жездемдердің әкелгені енді жетіліп келе жатқан қаншық пен еркек қасқыр екен. Алғашқы күндері қасқырларға тиіспеді. Біздің иттер түнімен абалап жатпайтын болды. Үшінші күні жездем еркек қасқырдың терісін алды. Екіншісін арғы күні соямыз дескен. Сол түні қаншық түні бойы ұзаққа ұлумен болды. Иттер де күндегісінен әлдеқайда көп үрді.



ҚАСҚЫР ҚАСҚЫРЛЫҒЫН ЖАСАДЫ

Көкем ерте тұрып қойды өріске айдайтын. Сол әдеті бойынша қораға барса, екі-үш қой жайрап жатыр екен. Сол баяғы ұрғашы қасқыр босанған бойда қасқырлығын қылған. Біздің Тузик пен Рекс көрінбейді. Қарасақ, екеуі әбден болдырған, үстері қан-қан, малқора түбінде жатыр. Сірә, екеуі болмағанда, ендігі қорадағы бар қойдан айырылар ма едік, кім білсін? Екі үйдегілер де қанша рет білтелі мылтығын оқтап, мықтап іздесе де, қаншықты таппады. Одан бері бірнеше ай өтті.

Бір күні кешке біздің иттер көрінбей қалды. Ымырт жабылып, көз байланып қалған-ды. Үрген иттің үні естілді. Дауыс тоғай жақтан шықты. Әкем екеуіміз

тоғайдан қазан-ошақтың астына отын әкелуге кетіп барамыз. Аспан түнеріп келеді. Біз жүрген сайын дауыс жақындай түсті. Әкемнің орманға шықса, арқасында мылтығы жүретін әдеті бар болатын. Абалап, қиқулаған жаққа беттеп келеміз. Әсіресе, Тузиктің даусы ерекше шығуда. Рекс те қалысар емес. Ырылдасып, құдды бір соғыс болып жатқандай. Біз де жеттік. Баяғы қаншық екі итке дес бермеуде. Намысқой Тузик барынша қарсыласып бағуда. Үсті бастары қызыл-ала қан. Екі тарап та қалжыраған. Мен айғайға салдым. Тузик маған қарап қалған сәтте, қылтамақтан қаншық тістеп, байғұс итті жазым қылды. Мылтық оғы қаншықты жайратып салды. Жел де тоқтап, аспанның түнергені

● СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

- Адамға қарағанда ит дауысты 10 есе жақсы ести алады. Ал иісті 100 000 есе артық сезеді. Тіпті, бұрынырақ сезінген иістері де есінде қалады.
- Үй жануары сипалап, құшақтағанды ұнатпайды. Оны өзін басыну деп қабылдайтын көрінеді. Сондай-ақ, ит асырайтындар өзгелерге қарағанда көзін 66%-ға көп қозғалтады екен.
- Иттер 250 сөз бен қимылды есінде сақтайды. Ең қызығы, 5-ке дейін санап, қосу-алу секілді қарапайым есепті шеше алады. Тіпті, зеректілік деңгейі екі жасар баламен бірдей.
- Олардың жүрегінің соғуы адамдыкімен бірдей. Шамамен, минутына 60–100 рет соғады. Итке шоколад беру «у» бергенмен бірдей.
- II дүниежүзілік соғысқа сырттандар да қатысты. Нақ сол кезде қызыл әскердің құрамында 70000 ит қызметте болған.

қараңғылыққа ұласты. Бір бұта түбінде Рекс сілейіп жатыр. Оны көтеріп үйге әкеттік. Бірақ Тузиксіз.

Осыдан кейін көп уақыт бойы Тузикті есімнен шығара алмай жүрдім. Оның шағал, мәліммен айқасын білетінмін. Дегенмен, қасқырмен арпалысуын алғаш көруім. Өзі де қартайған ит еді. Егер де «Сырттандар» ертегісіндегідей қасқыр иттен жеңіліс тапқан болса, бүгінде иттің «мысы» басым болар ма еді деп ойлап қаламын.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



САДАҚ ТАРТУ



Дәулеткелдінің зор табысы

Токио Олимпиадасында садақ тартудан ерлер арасындағы жеке сында Ильфат Абдуллин шешуші кезеңге дейін жетіп, жаңа белес белгіледі. Ендігі жерде қазақтың табиғатына тән өнерде үлкен серпіліс болады деп сенеміз. Соның алғашқы нәтижесі де көріне бастаған сияқты.

Садақ тартудан Вроцлавта (Польша) өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында қазақстандық садақшы **Дәулеткелді Жанбырбай** ұлдар арасында жекелей сында IV орын алды. Бұл туралы Olympic.kz порталы хабарлайды.

Д.Жанбырбай әлем чемпионатының жартылай финалына дейін жетті. Ол финал жолдамасы үшін норвегиялық **Людвиг Хенриксенмен** кездесіп, 2:6 есебімен жол берді. Ал жарыстың кіші финалында үндістандық **Бишал Чангмайға** жол беріп, әлем біріншілігін үздік төрттікте аяқтады.



КӘСІПҚОЙ БОКС

Айдостың қарсыласы – Леннокс



Екінші орта салмақтағы боксшы Айдос Ербосынұлының (15-0, 10KO) жаңа қарсыласы анықталды.

Биылғы 17 сәуірде Айдос **IBF** нұсқасы бойынша әлем чемпионы атағына міндетті үміткер атану үшін ресейлік **Евгений Шведенкомен** (15-0, 6KO) кездесуге тиіс еді. Германияның Карлсруэ қаласында өтуге тиіс жекпе-жекке бір апта қалғанда Айдостың коронавирус жұқтырып алғаны белгілі болды. Сөйтіп, кездесу мүлде өтпейтіні айтылды.

Содан кейін А.Ербосынұлы елге келіп емделіп, әбден сақайды. Boxingscene.com сайтының ақпараты бойынша, Ербосынұлы 12 қыркүйек күні гайаналық боксшы **Аллен Леннокспен** (22-1-1, 14KO) кездеседі. Бұл жекпе-жекте екінші орта салмақ дәрежесі бойынша **WBA** нұсқасындағы әлем чемпионы атағына міндетті үміткер анықталады. Жарыстың өтетін жері әзірше белгісіз.

Бұл күндері Айдос Мәскеу (Ресей) қаласында оқу-жаттығу жиынын өткізіп жатыр. Әлеуметтік желідегі парақшасына ол осында біраз жаттығатынын, жақын уақытта жаңалық айтатынын жазды.

А.Ербосынұлы 2020 жылдың желтоқсанынан бері шаршы алаңға шыққан жоқ. Сол кезде ол Нұр-

Сұлтан қаласында ганалық **Иса Самирді** естен тандырып, екінші орта салмақтағы **WBC Asia**, **WBA International** және **WBO Global** атақтарын сәтті қорғаған болатын.

Ал былтырғы желтоқсанда **IBO** нұсқасы бойынша әлем чемпионы атағына таласып, 12 раундтық жекпе-жекте эквадорлық **Карлос Гонгордан** нокаутпен жеңілген отандасымыз **Әли Ахмедов** те (16-1, 12KO) жақында шаршы алаңға оралады. **BoxRec** порталының хабарлауынша, Ахмедов 26 тамызда Коста-Меса қаласында (Калифорния штаты, АҚШ) мексикалық **Рикардо Адриано Флореспен** (23-8-1, 15 KO) жұдырықтасар. Жекпе-жек 8 раундқа жоспарланып отыр.

Араға 20 күн салып Ә.Ахмедов ортаға қайта шығады. 16 сәуірде ол Калифорния штатындағы Монтебелло қаласында перулік **Давид Сегаррамен** (34-5, 21KO) 10 раундтық жекпе-жекте қолғап түйістіреді. Екі спортшы 1 тамызда Албукерке қаласында (Нью-Мехико штаты, АҚШ) жолығуға тиіс еді. Алайда, Д.Сегарраның коронавирусқа тапсырған тесті оң нәтиже беріп, жекпе-жек кейінге ысырылды.

ДЗЮДО

Елдос салмағын ауыстырады

Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Елдос Сметов спорттан кетпейді. Бұл жақсы жаңалықты даңқты спортшы әлеуметтік желідегі парақшасында мәлімдеді.

«Егер спортты одан әрі жалғастырып, 2024 жылғы Париж Олимпиадасына қатысатын болсам, міндетті түрде 66 келіге ауысамын. Бұл туралы елге оралған бойда айтқан едім. Бәрі де жарақатыма байланысты болып тұр.

Егер денсаулығым жарап, жарақаттарым мазаламаса, міндетті түрде күресемін. Өйткені, күрес – менің өмірім. Мен спорттан ләззат аламын. Еліміздің Туын желбірету үшін жұмыс істеймін. Олимпиада аяқталды, жарақаттарымды емдеп бастаймын. Бәрі де жақын арада белгілі болады», – деп жазды Е.Сметов.

Естеріңізде болса, Рио және Токио Олимпиадаларына Елдос 60 келі салмақ дәрежесінде қатысып, күміс және қола жүлде жеңіп алды. Ол дзюдо күресінен қос олимпиаданың жүлдесін жеңіп алған алғашқы қазақ спортшысы болып отыр. Ал 66 келі салмақ дәрежесінде биылғы олимпиадаға **Ержан Серікжанов** қатысып, үлкен табысқа жете алмады.

Жалпы, Токио жүлдесін жеңіп алған Е.Сметовке ғана емес, жыл бойғы жарыстарда ел

намысын абыроймен қорғаған спортшылардың бәріне Қазақстан дзюдо федерациясы жақын да Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында үлкен құрмет көрсетті. Қазақстан дзюдо федерациясының президенті **Қайрат Қожамжаров** спортшылар мен жаттықтырушылар, ұлттық құраманың ғылыми-кешенді топ өкілдеріне ақшалай сыйақы тағайындады. Олимпиада жүлдегері Е.Сметов **5 млн. теңгенің** сертификатына ие болды.

«Біз бүгін жылдың ең маңызды додасы саналған олимпиаданы қорытындылап отырмыз. Токио төрінде біздің мақтанышымыз Елдос Сметов өте нәтижелі күрес көрсетіп, ел қоржынына қола жүлде салды. Бұл біз үшін, Қазақстан дзюдосы үшін тарихи жүлде болып саналады. Елдос – дзюдодан олимпиаданың екі дүркін жүлдегері атанған тұңғыш қазақстандық спортшы. Жарақаттарына қарамастан ол өзінің әлемдік дәрежедегі мықты спортшы екенін тағы бір рет дәлелдеді», – деді Қ.Қожамжаров.

«Қазақстан дзюдосы үшін биылғы жылды жаман болды деуге болмайды. Пандемияға



және кездескен қиындықтар мен шектеулерге қарамастан ұлттық құрама спортшылары қатысқан маңызды жарыстардан жүлдесіз оралған жоқ. Мәселен, әлем чемпионатынан **Ғұсман Қырғызбаевтың** күміс жүлдесін, Елдос Жұмақановтың Азия чемпионатындағы қола жүлдесін айтуға болады. Қыздарымыз да биыл жүлдеден қалыс қалған жоқ. Әбиба Әбужақынова әйелдер арасында Азия чемпионатының күміс жүлдесін иеленсе, Севара Нышанбаева қола медаль жеңіп алып, үздік үштікке енді», – деді федерация президенті.

Алматы қаласында өткен жиында осы спортшылардың барлығына және көзге түскен жаттықтырушыларға ақшалай сыйақы табыс етілді.

ФУТБОЛ

Қарсыластарымызда – жаңа бапкер

Бүгін Украина футбол қауымдастығы (УФК) Украина ұлттық құрамасының жаңа бас бапкерін таныстырады. Бұл міндет Александр Петраковқа жүктелмек.

Украиналықтар 2022 жылғы әлем біріншілігіне іріктеу кезеңін **Андрей Шевченко**ның жетекшілігімен бастаған еді. Шевченко 2016 жылдың шілдесінен бері бас бапкер болып, биылғы Еуро додасында шәкірттерімен бірге ширек финалға дейін жетті. Бірақ құрлық додасы аяқтала салысымен ол келісім-шарт мерзімін ұзартпайтынын, клубтық бағытқа мойын бұрғысы келетінін мәлім етті.

УФК бұдан кейін **Мирон Маркевич**, **Сергей Ребров** сияқты мамандармен келіссөз жүргізіп көрді. Ребров құрама тізгінін ұстауға қатты құл-



шынды, алайда екі ай бұрын ғана «Әл-Айн» (БАӘ) командасымен жасасқан келісім-шартын мерзімінен бұрын бұза алмады.

Украина құрамасы қазір Қазақстанмен бір топта ойнап жатыр. Екі команданың әлем біріншілігінің іріктеу кезеңіндегі матчы Киевте 1:1 есебімен тең аяқталды. Енді қос құрама 1 қыркүйекте «Астана Аренада» қарымта кездесу өткізеді.

КАРАТЭ



Париж каратэні «жақтырмайды»

2024 жылы олимпиялық ойындарды қабылдайтын Париж (Франция) қаласының ұйымдастыру комитеті бекітілген спорт түрлерінің тізімін жариялады. Тізімнен каратэ, бейсбол және софтбол түсіп қалды.

Олардың орнына Париж олимпиадасында брейк-данс, спорттық жартасқа өрмелеу, скейтбординг және серфинг жүлделері сарапқа салынбақ. Кейінгі үш спорт түрінен Токиода да спортшылар сынға түскен болатын.

Ұйымдастыру комитетінің айтуынша, бағдарлама нақты және еш өзгеріске түспейді. Комитет спорт түрлерінің әлеуметтік желілерде, жастар арасында танымалдығына және

көрнектілігіне назар аударғанын мәлімдеді.

Токио Олимпиадасында каратэнің кумите түрі бойынша **Дарқан Асаділов** пен **София Берульцева** Қазақстан қоржынына қос қола жүлде салған болатын.

Бүкіләлемдік каратэ федерациясы бұл шешімге бірден қарсылық білдірді.

«Біз әлемге каратэнің ерекше спорт түрі екенін көрсеттік. Олимпиада бағдарламасына тұрақты спорт түрі ретінде ену

үшін лайықты екенімізді толық дәлелдедік. Әлемдегі бүкіл спортсүйер қауым каратэнің олимпиялық қозғалысқа қосатын қосымша құндылықтарын сезіне алды», – деді Бүкіләлемдік каратэ федерациясының президенті **Антонио Еспинос**.

Париж Олимпиадасы 2024 жылдың 26 шілдесі мен 11 тамызы аралығында өтеді.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.





«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМНІҢ» ЖҰМЫСЫ ҚАУЫРТ



Айнұр
СЕНБАЕВА

(Басы 1-бетте)

– Жыл басында жедел жәрдем қызметі күніне орта есеппен **3200-ге жуық** қоңырау қабылдаған. Қазір аурудың таралу шыңы кезінде келіп түскен қоңыраулардың саны екі есеге дерлік өсіп, **6400** болды. Соңғы кездегі тіркелген қоңыраулардың ең максималды көрсеткіші – күніне **8 мың**, – деді спикер.

Сонымен қатар, А.Ложкин бригадалардағы жүктеменің өскенін де атап өтті. – «Жедел жәрдем» бригадасы күніне шамамен **15 шақыртуға** барады. Жыл басында ең көп дегенде **8–10 қоңырау** болған еді. Әрине, барлық қоңырауға міндетті түрде қызмет көрсетіледі, бірақ ең алдымен науқастың өмірі мен денсаулығына қауіп төніп тұрғаны туралы жеткен ақпараттарға шұғыл әрекет жасалып, басымдық беріледі, – дейді Андрей Ложкин.

Тақырыпқа орай айта кетсек, 2021 жылғы 15 тамыз күнгі жағдай бойынша, коронавирустық инфекцияның **1503** жаңа жағдайы тіркелді, оның **1419-ында** симптомдық белгілері бар, ал **84-і** симптомсыз.



Инфекциялық стационарларда (**8910** төсек-орын) жалпы саны **6294** адам емделіп жатыр, оның ішінде **246-сы** бала.

Бүгінгі таңда МСАК пен Телемедицина орталығы дәрігерлерінің бақылауында **13127** науқас бақылауда, олардың ішінде жеңіл және орташа ауырлық дәрежесінде – **12 564**, симптомсыз **563** науқас бар.

Сондай-ақ, екпе туралы ақпаратқа тоқталсақ, Алматы қаласы бойынша бір тәулік ішінде 1-ші компонентті **2413** адам, 2-ші компонентті **2459** адам алған. Жалпы, 1 ақпан мен 15 тамыз аралығында қала бойынша 1-ші компонентті **811800** адам алған.

Бүгінгі таңда Алматыда **160** вакцинация пункті жұмыс істеп тұр.

Басты міндет – халықтың иммундық қабатын қалыптастыру

Алматы қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері **Жандарбек Бекшин** шектеу іс-шаралары қандай жағдайда алынатынын айтты.

«Біздегі шектеу шараларын алып тастау үшін тұрғындардың **70-80%-ы** вакцина алуы керек», – деді ол. Бұл туралы Ж.Бекшин Instagram-дағы парақшасында мәлім етті. Оның айтуынша, басты міндет – халықтың иммундық қабатын қалыптастыру. Сонымен қатар, ол қазір Алматы «қызыл аймақта» екендігін, эпиджағдай әлі де күрделі екендігін атап өтті.

«Vero Cell» жеткізілді

Алматыға қытайлық «Vero Cell» вакцинасының 10 мың дозасы жеткізілді. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері мәлім етті.

«14 тамыз күні «Sinopharm» компаниясының «Vero Cell» вакцинасының **10 мың дозасы** жеткізілді. Осы аттада тағы **35 мың** дозасын әкелу жоспарда. Қазіргі уақытта бұл вакцина барлық егу пункттерінде бар», – деп хабарлады басқармадан.

Айта кетер болсақ, аталған вакцинаның алғашқы партиясы 10 тамыз күні жеткізілген болатын.

ПТР-тест сатқан студент

Жалған ПТР нәтижесін сатқан Медицина университетінің студенті ұсталды. Жедел-ізвестіру шаралары нәтижесінде жеке медициналық орталықтың егу бөлмесінде медициналық қызметкер болып жұмыс істейтін 25 жастағы Х. есімді Медицина университетінің студенті ұсталды. «Бізге келіп түскен жедел ақпаратты біз бірнеше күн бойы тексердік. Нәтижесінде бұл ақпарат расталды. Күдікті өз қызметін 20 мың теңгеге бағалаған. Аталған факт бірыңғай соталды тергеу реестріне ҚР ҚК 385-бабы 1-тармағы бойынша тіркеліп, қылмыстық іс қозғалды. Өз кінәсін толық мойындап отырған Х. тек қана бір рет жалған ПТР нәтижесін жасағанын айтып отыр. Тергеу барысында оның қанша адамға жалған құжат дайындап бергендігін анықтайтын боламыз», – деп мәлімдеді Алматы қаласы ПД-нің Криминалдық полиция басқармасының бастығы **Қ.Науатов**.

Әзірлеген Айнұр НҮРСАБЕТ.

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»



Сәкен ӘМІРЕЕВ,
ҚР клиникалық және
фундаменталды медицина
академигі:

– Барлық вакцина Ресейде немесе Қазақстанда, қай жерде өндірілгеніне қарамастан, жақсы иммундық әсерге ие. Сондықтан біздің міндетіміз – халыққа вакцинадан қорықпау керектігін түсіндіру керек. Бүгінгі күні

үйіміздегі барлық отбасы мүшесі екпе алды. Бәріміздің дерлік иммунитетіміз қалыптасты. Елімізде вакцинаға сенімсіздік таныту әрекеттері қолдан жасалып отыр. Біз бұл мәселеге өркениетті түрде қарауымыз керек және адамзат түрлі соғыстарға қарағанда, инфекциялардан жаппай қырылғанын ұмытпауымыз керек. Мысалы, біз туберкулезді менингитке қарсы БЦЖ вакцинасын қолданамыз, ол ағзаны инфекцияның өзінен емес, аурудың ауыр салдарынан қорғайды. Әзірге бізде вакцинадан басқа коронавирустан қорғанудың тиімді әдісі жоқ екендігін естен шығармағанымыз абзал.



Айгерім ШЫНАЗБЕКОВА,
жеңіл атлетикадан
Халықаралық дәрежедегі
спорт шебері:

– Әуел басында вакцинаға өзім де сенбедім. Себебі, әлеуметтік желілерден алыпқашпа әртүрлі пікір тарап, бәріміздің зәремізді алған еді. Кейіннен жақындарымның ауруханада емделіп жатқанын көріп, індеттің біздің әлемде, айналада өмір сүріп жатқанына көзім жетті. Әрі вирустан толыққанды құтылудың жалғыз жолы – екпе екендігін түсіндім. Қазіргі таңда өзім де екпенің екі бірдей компонентін салдырдым. Еш жерімнен ауырысыну белгілері байқалмады. Ата-анам да, бауырларым да «Спутник V» вакцинасын ектірді. Сіздер де өздеріңіздің денсаулықтарыңызды вирустан қорғаңыздар, сол сәтте ғана қалыпты өмірге ораларымыз айдан анық. Вакцинаны тек Қазақстан ғана емес, бүкіл әлем салып жатыр. Америка да, ең үлкен державалар да салып жатқандығын естен шығармасақ екен.

Әзірлеген Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Әлеуметтік желі қолданушылары лимонның емдік қасиеті туралы хабарлама таратуда. Онда «цитрус жемісті ыстық суға қосқанда, оның қуаты коронавирусқа қарсы дәрі-дәрмекті алмастыра алады және обыр жасушаларын өлтіреді» делінген. Stopfake.kz порталы бұл ақпаратты жалған деп тапты.

ЛИМОН ЕМДЕМЕЙДІ

Естеріңізде болса, лимонмен коронавирусты емдеу туралы ақпарат вирус анықталған тұста таралып, көкөністің бағасын асқақтатып жіберген болатын. «Лимонның COVID-19-ды жұқтыруға жол бермейтініне ғылыми дәлелдер жоқ. Алайда, жалпы алғанда ДДСҰ дұрыс тамақтанудың бір бөлігі ретінде жеміс пен көкөністі жеткілікті мөлшерде жеуді ұсынады», – дейді аталмыш ұйымның сайтында.

«Лимон суы обыр жасушаларын жоюға көмектеседі» деген пікір де дұрыс емес. Лимон мен басқа да цитрус жемістің құрамында қатерлі

ісікке қарсы қасиеттерге ие табиғи заттар – модификацияланған цитрус пектині мен лимонидтар бар екендігі туралы зерттеулер бар. Бірақ олар адамдарда зерттелмеген. Сондықтан олардың тиімділігі туралы қорытынды жасау мүмкін емес. Дәрігерлер лимонның құрамындағы қосылыстардың кейбір түрлері қатерлі ісік ауруының алдын алуда пайдалы болуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Алайда, бұл заттар ағзаның қатерлі ісікпен күресу қабілетін арттырады, бірақ обыр жасушаларын өлтірмейді.

Қалыпты режим маңызды



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыдағы студенттер мен мектеп оқушыларының ата-аналары ковидке қарсы екпе салдыруды құптады.

Мәселен, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің студенті **Мұқадас Мұталиеваның** ата-анасы бейнехабарлама түсіріп, онда олар екпе туралы өз пікірлерімен бөлісті. «Біз отбасымызбен коронавирусқа қарсы вакцина алдық және барлық ересектерді, әсіресе ата-аналарды осылай жасауға шақырамыз. Бұл балаларымыздың офлайн режимде оқуы және жоғары сапалы білім алуы үшін қажет», – деді медициналық университет студентінің анасы.

С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың 4-курс студентінің анасы **Дариға Оразасева** да вакцинаны қолдайды. Ол коронавирустың таралуына жол бермеу үшін студенттерге екпе алу қажет деп санайды. «Қашықтан сапалы білім алу мүмкін емес. Мұндай оқыту жүйесі сапалы білім беруге кедергі келтіреді, сондықтан екпе алу мәселесінде бей-жай болмасақ деймін. Сонда ғана балаларымыз пандемияға дейінгі қалыпты режимде оқуға мүмкіндік алады», – деді Д.Оразасева.

Осы университетте оқитын студент **Аружан Андасованың** анасы да Instagram парақшасына өз үндеуін жариялады. «Қызым да, өзім де коронавирус инфекциясына қарсы вакцина алдық. Балаларымыздың сапалы білім алып, жақсы маман болып шығуы біздің қолымызда. Сондықтан ата-аналар мен оқушыларды екпе алуға шақырамын», – деді студенттің анасы.

Студенттер сырт қалған жоқ



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Жаңа оқу жылында ЖОО мен колледж оқытушылары, қызметкерлері, жатақхана мен асхана жұмысшылары 100 пайыз вакцина алды. Дәстүрлі оқу форматын қалап жүрген студенттер оқу орнында, жайлы жатақханасында карантин талаптарын қатаң сақтауы қажет.

«Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында оқу корпустары, кітапханалар мен жатақханалардың кірберісінде міндетті түрде «Ashyq» қосымшасы болады. Бұдан бөлек, эпидемияға қарсы санитарлық талаптарды қатаң сақтау қажет. Ол үшін медицина қызметкерлері оқытушылар мен білім алушылардың денсаулығын қадағалап отырады. Бұқаралық шараларға тыйым салынады. Сондай-ақ, дәріс залдарында рециркуляторлар тұруы керек немесе бөлме іші үнемі желдетілуге тиіс», – деді Денсаулық сақтау министрі **Алексей Цой**.

Сондай-ақ, 18 жасқа толған студенттердің бәрі вакцина алуға міндеттелді. Жатақханаға тек екпе ектірген студенттер ғана орналаса алатындығы мәлім болды. Министрдің айтуынша, мониторингтік топ колледждер мен университеттерде санитарлық талаптардың сақталуын қадағалайды. Сол үшін топ мүшелерінің құзыреті кеңейтіледі. Олар оқу орындарына, соның ішінде асханалар мен жатақханаларға емин-еркін кіріп, карантиндік шараларды бақылайды. Ал тәртіп бұзғандар әкімшілік жазаға тартылмақ.



ЖҰМЫССЫЗ БЕН ЖҰМЫС БЕРУШІ арасындағы алтын көпір

Биылғы шілдеде Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығына 10 жыл толды. Осы уақыт аралығында бұл мемлекеттік мекеме жұмыссыздар мен жұмыс берушілер арасына берік көпір орната білді. Енді орталықтың жұмысы туралы өздерінен естіп білейік.

Зафар АППАЗОВ,
қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары:



— Біз халықпен жұмысымызды күн сайын жетілдіріп отырамыз, қызмет көрсету процестерін жеңілдетуге тырысамыз. Сондықтан біз әлеуметтің барлық өзекті проблемасын шешуде және олардың әлеуетін көтеру үшін күш жұмсаудан еш шаршамаймыз. Біздің орталықтың көрсетін қызметтерінің аясы өте кең.

Мәселен, жұмыссыз азамат қысқа мерзімді кәсіби курстарда оқып, жұмыс тауып кете алады. «Азаматтарды оқыту және қайта даярлау» деп аталатын бұл жоба Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына кіреді. Кәсіби курстар мамандығын ауыстырғысы келетін жұмыссыз адамдарға арналған. Бірнеше айдың ішінде студенттер теориялық және практикалық білім алып шығады. Курстарды аяқтағаннан кейін білім алушыға сертификат беріліп, жұмысқа орналасуына қолдау көрсетіледі.

Бұдан басқа, бизнес-идеяларды іске асыру үшін өтеусіз мемлекеттік грант алуға өтінім беру мүмкіндігі бар және егер бизнес-жоспарды комиссия мақұлдаса, онда үміткер 200 АЕК (583 400 теңге) мөлшерінде грант алады. Бұл өзінің жеке кәсібін ашу үшін жақсы бастапқы капитал бола алады. Иә, бізге ниет білдірушілер көп. Біз қаланың үздік оқу орындарымен ынтымақтасамыз. Оқыту процесі білім алушылардың ыңғайына қарай түзілген. Бүгінде 1000-нан астам адам оқып жатыр.

Әділет ЖАҢАБАЕВ,
орталықтың Ізденушілерді қолдау бөлімінің басшысы:



— Біздің бөлім жұмыссыз тұлғаларды тіркеумен, жұмысқа орналасуға жолдама берумен, оларды кәсіби курстарда оқытумен айналысады. Орталықтың барлық қызметін азаматтар бізге келмей-ақ онлайн-форматта, сондай-ақ, ENBEK.KZ

электрондық еңбек биржасы порталында ЭЦҚ болған жағдайда ала алады. Сіз бізден жұмыссыз адам мәртебесін, жұмысынан айырылғандығы үшін әлеуметтік төлемдерді, уақытша жұмысқа жолдама, жаңа мамандық ала аласыз және тұрақты жұмыс табасыз. Бұл процес өте ыңғайлы және ізденушінің уақытын үнемдейді. Ал сайт арқылы өз бетінше қызмет ала алмағандар Халықты жұмыспен қамту орталығына келіп, ондағыөзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарының жұмысын пайдалануына болады. Ол жерде келушілерге кеңесшілер көмектеседі. Жұмыссыздарды тіркеу 2 кезеңнен тұрады: жұмыс іздеп жүрген адамды тіркеу және жұмыссыз адам мәртебесін беру. Оған 3 күн ғана кетеді. Содан кейін өтініш беруші ұсынылған жұмысқа орналасуға жәрдемдесу шараларын қолдана алады. Егер адам жұмыссыз қалса, бірақ бұрын ресми жұмыс істеген болса, онда ол жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдерге үміткер бола алады, олардың мөлшері еңбек өтілі мен жалақы мөлшеріне қарай есептеледі. Жұмыссыз мәртебесін алғаннан кейін өтініш берушіге уақытша және тұрақты жұмыс ұсынылады.


Гаухар ӘУЕЛОВА,
Уақытша жұмыс орындары бөлімінің басшысы:



— Карантин кезінде көптеген кәсіп тұралап, адамдар жұмыссыз қалды. Мұндай жағдайда олар Жұмыспен қамту орталығына жүгінеді, жұмыссыз ретінде тіркеледі. Әлеуметтік жұмыстардан бөлек, қоғамдық жұмыстар бар. Оған тұру үшін қызметкердің алдында ала кәсіптік даярлаудан өтуі талап етілмейді, бұл бағдарламаның қала үшін әлеуметтік, экономикалық және экологиялық пайдасы бар және жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтамасыз етеді. Қоғамдық жұмыстарға, әдетте, біліктілігі төмен, қосалқы жұмыстар жатады. Қоғамдық жұмыстар — бұл жұмыспен қамту проблемасын уақытша шешу және өмірлік қиын жағдайға тап болған Жұмыспен қамту орталығында есепте тұрған жұмыссыз азаматтарға материалдық қолдау көрсету.

Ал оқу орындарын бітірген, бірақ жұмыс тәжірибесі жоқ жастар үшін «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламалары бар. Бұл бағдарламалар жас мамандар үшін арнайы жасалған. Себебі, жұмыс берушілер тәжірибесі жоқ мамандарды жұмысқа қабылдағысы келмейді, ал олар тәжірибені қайдан алады? Міне, сондай дилемма бар қоғамда. Сондықтан мемлекет жастарға көмектесу үшін осындай бағдарламалар қабылдады.

Гүлнар ҚАМБАРОВА,
Жұмыс берушілерді қолдау бөлімінің маманы:



— Бүгінде цифрландыру жүйесінің нәтижесінде қалаған көп нәрсемізді онлайн да ала алатын дәрежеге жеттік. Мәселен, алысқа ұзап шығуға мүмкіндігіңіз болмай жатса, үйіңізде отырып-ақ Жұмыспен қамту орталығының ENBEK.KZ сайтына кірсеңіз болады. Онда «бізге осындай кәсіп иелері, мамандар керек» деп өтінім берген ірілі-ұсақты компаниялар ұсынған бос жұмыс орындары орналастырылады.

Иә, бүгінде пандемияға байланысты жұмыс берушілер өздеріне қажетті қызметкерлерді біз арқылы іздеуге көшкен. Мәселен, олардың тарапынан бөлшек сауда орындарына сатушыларға, кассирлер, жүк тиеушілер, аспаздар, наубайшыларға сұраныс көп қажет. Біз барлық жұмыс беруші ұсынған бос жұмыс орындарын сайтымызға, яғни бірыңғай еңбек биржасына орналастырамыз. Бұл екі жаққа да тиімді болып тұр.

Айым ЖҰМАҒҰЛ,
жас маман:



— «Жастар практикасының» ұзақтығы — 6 ай, осы уақыт аралығындағы тәжірибем еңбек кітапшасына енгізіледі. Мен Есік гуманитарлық-экономикалық колледжін бітірген болатымын. Тез арада жұмыс табыла қоймады. Бір күні бір досым

Алматы қалалық Жұмыспен қамту орталығына барып көрсен қайтеді деп жөн сілтеді. Мен сондағы мамандардың кеңесімен №45 балабақшаның музыка пәнінің мұғалімі қызметіне өтініш жаздым. Мен сол жерден тәжірибеден өттім. Тәлімгерім көп жылдық тәжірибесі бар педагог болды. Ол маған мамандықтың қыр-сырын үйретіп, зейнеткерлікке шықты. Ал менің ынта-жігерім, тәжірибем бағаланып, сол кісінің орнына қабылдандым. Міне, Жұмыспен қамту орталығы — осылайша көпке жол көрсетіп, бағдаршам болып жүрген мекеме.

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

Бірнеше көше уақытша жабық



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Қаладағы Момышұлы көшесі мен Райымбек даңғылы қиылысындағы жолайрықта жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 23 тамызға дейін көлік қозғалысы уақытша шектеледі. Сондай-ақ, Төле би көшесінің кейбір учаскелерінде көліктердің жүруіне тыйым салынады.

«14 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында Төле би көшесінің бойы, атап айтқанда, А.Байтұрсынов пен Қ.А.Яссауи көшелерінің аралығы жабылады», — деп хабарлады Алматы қалалық мобильділік басқармасы.

Уақытша шектеу жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін енгізілді. Сонымен қатар, Б.Момышұлы көшесі мен Райымбек даңғылы қиылысындағы жолайрықта жөндеу жұмыстарының



жүргізілуіне байланысты 13–23 тамыз аралығында Момышұлы көшесінде көлік қозғалысы уақытша шектеледі. Басқарма өкілдері тұрғындарды қолайсыздыққа түсіністікпен қарап, аталған учаскелерді айналып өту жолын алдын ала қарастыруды сұрайды.

Құрықтан құтылған жоқ



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

Алматыда 76 жастағы зейнеткер немересімен бірге есірткі өсірген. Алматының Алатау ауданындағы «Әйгерім» ықшамауданындағы үйлердің бірінің 76 жастағы тұрғыны немересімен бірге «канопля» және «марихуана» есірткілерін заңсыз өсірген.

— Г. есімді әйелдің тұрғылықты жерінде

жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу барысында жасыл түсті, ерекше иіс бар өсімдік тектес 117 бұта табылды және тәркіленді. Сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, тәркіленген есірткі — кептірілмеген марихуана, жалпы салмағы 6 келі 680 грамм. Қазіргі уақытта Алатау ауданының ПД-де ҚР ҚК-нің 300-бабы 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде, — деді Алматы қалалық ПД Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасы бастығының орынбасары Сағындық Аяғанов.



**«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық
Халықты жұмыспен қамту орталығының
бірлескен жобасы**

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Той Март» супермаркетіне:

- қаптаушылар;
- сатушылар;
- кассирлер;
- қабылдап алу аймағына оператор;
- жүк тиеушілер;
- тазалықшылар керек.

Тел.: 8 708 711 82 90, 8 771 705 02 42.

**Розыбакиев көшесі, 4-үй
(Райымбек даңғылының қиылысы).**

«Тәртіп» АҚ-ға:

- «КаМАЗ» жүргізушілері;
- жүк тиеушілер қажет.

Тел.: 8 701 397 12 48.

Мақатаев көшесі, 117-үй.

«Green resyrcе» ЖШС-ға:

- сұрыптаушы керек.

Тел.: 8 747 338 35 31.

Мақатаев көшесі, 117-үй.

«Технодом-оператор» ЖШС-ға:

- жүк тиеушілер;
- аула сыпырушылар керек.

Тел.: 8 707 700 17 76.

Құрманғазы көшесі, 178-үй.

«Анкор» ЖШС-ға:

- өнім жинаушылар қажет.

Тел.: 8 771 171 71 81.

«Gulser Computers» ЖШС-ға:

- Call-орталыққа операторлар;
- маркетинг;
- жүк тиеушілер;
- ІС білімі бар әзірлеуші керек.

Тел.: 8 700 188 17 98.

«Arena-S Sulpak» ЖШС-ға:

- жүк тиеушілер;
- экспедитор-жүргізуші керек.

Тел.: 8 777 284 84 54.

Сүйінбай даңғылы, 2-үй.

«Гелиос» ЖШС-ға:

- АЗС-қа операторлар;
- аула сыпырушылар;
- тазалықшылар керек.

Тел.: 8 702 319 28 01.

Асқаров көшесі, 2-үй.

«Беккер және К» ЖШС-ға:

- ет өнімдерін дайындаушы;
- жартылай фабрикаларды түюшілер;
- слесарь;
- жүк тиеушілер;
- әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар;
- наубайшылар керек.

Тел.: 8 701 390 77 77.

Сәтбаев көшесі, 95-үй.

Клинингтік компанияға:

- тазалықшылар керек.

Тел.: 8 707 104 55 06.

Қожамқұлов көшесі, 22-үй.

«RG Brands Kazakhstan» ЖШС-ға:

- ораушы;
- жүк тиеушілер;
- таразыға тартушылар;
- қоймашы қажет.

Тел.: 8 707 355 24 26.

Райымбек даңғылы, 212-үй.

«Кар-Тел» ЖШС-ға:

- Call-орталыққа оператор;
- сатушы керек.

Тел.: 8 701 586 13 21.

«Интер Мульти Сервис» ЖШС-ға:

- қаптаушылар;
- дәнекерлеушілер;
- әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар;
- жүк тиеушілер;
- тазалықшылар қажет.

Тел.: 8 700 300 12 57.

Бекмаханов көшесі, 96-үй.

СӘТТІЛІК СЕРІГІҢІЗ БОЛСЫН!



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 4 айға 2402,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 4 айға – 6482,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 4 айға – 1732,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

«Lemon Lombard» ЖШС 2021 жылы 27 тамыз күні сағат 09.00-де, Алматы қ., Әуезов к-сі, 181, 17-пәтер мекенжайы бойынша кепіл мүлкін (бұрын пайдалануда болған зергерлік бұйымдар) сату бойынша сауда-саттық өтетінін хабарлайды. Өтінімдерді 2021 жылғы 26 тамыз, сағат 18.00-ге дейін: Алматы қ., Әуезов к-сі, 181, 17-пәтер мекенжайы бойынша немесе lemon@lmb.kz электрондық пошта арқылы жолдауға болады. Сауда-саттықты Голландтық әдісі бойынша өткізіледі. Бағаны өзгерту қадамы – 10%. Сауда-саттық туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

Қайырымдылықта қайыр бар

Жаңа оқу жылынан бастап дәстүрлі оқу форматына көшеміз. Бұл хабарды мектеп мұғалімдері мен оқушылар қуана қабылдап жатқан жайымыз бар. Қазір біз мектепке қажетті құрал-жабдықтарымызды әзірлеуге кірісіп кеттік. Оқушыларға қажетті оқулықтарды мектеп береді.

Біздің мектеп ұжымы еліміз бойынша басталған «Мектепке жол» акциясына белсене қатысып, іс-шараның бел ортасында жүрміз. Қашан да қайырымдылықтың дәнекері болатын мектеп мұғалімдері мен ата-аналар қауымы биыл да демеушілік көрсетіп

жатыр. Дәл қазір көмекті қажет ететін отбасылардың тізімі жасалып, қажетті құрал-жабдықтарды үлестіруді бастадық. Оқушыға мектеп формасынан бастап, спорттық киім, аяқкиім, сөмке, қалам, дәптер, т.б. керек-жаракты әлі де алып жатырмыз. Осынау іске ұйытқы болып, жас ұрпақтың ертеңіне алаңдаушылық білдірген барлық әріптестеріме, жалпы жаны ізгілікке құштар жандарға алғысымды білдірсем деймін.

Жаннат ҮЙСІНБАЕВА,
№31 жалпы білім беретін мектептің әлеуметтік педагогі.

Суару әлі де өзекті



Рая ЕСКЕНДІР

Биыл көктемде Жетісу ауданында 8600-ден астам жас ағаш отырғызылған еді. Сол көшеттер көгеріп, бүгінде «Көк-жиек» ықшамауданында тұрғындар серуендейтін, демалатын аллеялар пайда болды.

Аудандағы Ангарская көшесінің бойына отырғызылған 150 «сиверс» алма ағаштары жайқалып, бақшаға айналды. Сонымен қатар, ауданды көгалдандырудың тағы бір бағытына айналған жұпар иісті гүлдермен көмкеру жұмыстары да жемісін

беріп жатыр. Тек биылғы жылдың өзінде аудан аумағына 8500 шаршы метр гүл отырғызылды. Дәл қазіргі уақытта аудандағы көркейту, көгалдандыру бөлімінің жұмысшылары 24 жасыл алаң мен 20 жасыл аймақты, үлкен саябақты суару жұмыстарымен айналысып жатыр. Дегенмен, аудан бойынша көгалдандыру, жасыл желекті суару мәселесі әлі де өзекті қалпында.

Биыл аудан әкімшілігі «Айна-бұлақ-3» шағынауданындағы, Абылай хан даңғылының бойындағы және Алматы-2 теміржол вокзалының алдындағы алаңқайда үш жыл бойы жұмыс істемеген автоматты суару жүйесін толығымен қалпына келтірді.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



САНАҚТАН ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА

№1 SANAQ.GOV.KZ
САЙТЫНДА

№2 ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ
КЕЛУІН КҮТУ

№3 НҰСҚАУШЫЛЫҚ
УЧАСКЕГЕ БАРУ



**№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН
ӨТКЕНДЕРҮШІН**
санақтан өткендігі туралы
хабарлама нөмірін
көрсету жеткілікті

1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДА



**23 000-НАН АСТАМ
ИНТЕРВЬЮЕР**
еліміз бойынша
БАРЛЫҚ тұрғын
үй-жайларды
аралайды

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА



15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

17.08.2021

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

18.08.2021

Түнде:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Сиқырлы әлем құпиясы



**Айым
НҰРМАН**

Театр өнері саласында елеулі еңбек етіп жүрген Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының бас суретшісі Алтынай Жүсіпәлінің еңбектерінен жинақталған «Ертегілер елінде» атты көрме ашылды.

«Aport Mall» ойын-сауық орталығында өтіп жатқан көрмеге келушілер суретші шығармашылығымен қатар, Қуыршақ театры репертуарындағы қойылымдардан үзінділер тамашалай алады. Жалпы, сахнаны сәндеумен қатар, әр кейіпкер мен оқиғаның хал-күйін аңғартатын кеңістік қалыптастыра білу – суретшінің жауапкершілігіндегі іс. Осы бағытты ұстанған қылқалам шебері мұнда еліміздің бірнеше театрларында сахналанған жұмыстарымен қатар, театрдағы қуыршақ-кейіпкерлерін де назарға ұсыныпты. Көрмеге сән берген қуыршақтар Алматының кішкентай тұрғындарына ерекше ұнағандай.

Алтынай Жүсіпәлі шығармашылық жолын көркемсурет үйірмесіндегі бейнелеу өнерінің мұғалімі Анна Астахованың нұсқауымен бастаған. Одан кейін Т.Жүргенов атындағы Қазақ

ұлттық өнер академиясында «Сценография» кафедрасында театр суретшісі Ерлан Мұсаболинның шеберханасында білімін жетілдірген. «Әскери отбасында тәрбиеленген соң маған шығармашылық әлем таңқаларлық және шындыққа ұқсамайтын болып көрінетін. Әлемдік өнер астанасы Париж қаласында болғанда мен шығармашылыққа деген қажеттілігімді түсіндім. Париждің айналасында серуендеу, Лувр, Орседегі саяхаттар мені өнерге терең шабыттандырды. Шығармашылық атмосфера, басқа дәуірге сунғу, жаңа қырларды, дүниетанымдық ұстанымдар мен уақыттың мәдени құндылықтарын түсіну мені осы күнге дейін тоқтатпай, терең дамуға итермелейді. Отаным оралғаннан соң мен сурет салумен айналыстым, ол көп ұзамай менің сүйікті ісіме айналды. Аталмыш іс-шараны ұйымдастырудағы басты мақсатым – балалар театрының репертуары арқылы көрмеге келушілерге мәдени кеңістіктің жайын жеткізу, көркем өнерге баулу әрі қызықтыру еді», – дейді Алтынай.

Сиқырлы әлем құпиясына саяхат жасағыңыз келсе, көрмеге келіңіз. Іс-шара 15 қыркүйекке дейін жалғасады.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

ҚАЗАҚ СӘЙГҮЛІГІ

8 жыл бойы бас бәйгені бермеді

1992 жылы Алматыда өткен Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайы кезінде халық шаруашылығының көрмесі өтіп, онда жер тарпыған аргымақ «Анонс» Фин президентінің көзіне түскен екен. Сөйтіп, Елбасымыз әлгі тұлпарды мәртебелі мейманға сыйлайды.

Бірақ тұлпар фин еліне аттанбайды. 6 рет қатарынан аламан бәйгенің алдын бермеген жануар жарақат алады. Оны мемлекет басшылары тамашалаған көрмеге де жарақатымен апарған көрінеді. Содан «Анонстың» орнына «Заслонды» шет елге аттандырады. Қос тұлпар бір-біріне қос тамшыдай өте қатты ұқсас екен. Мауна Койвисто бір көрген қазақ жылқысын ұмытпаса керек, орнына басқа жылқы әкелінгенін бірден байқап қояды. Дегенмен, ашып ештеңе айтпаған.

Бір қуантарлығы – Сыр сәйгүлігі сыртта жүріп, «жұлдызға» айналады. 8 жыл бойы бас бәйгені бермеді. Оған лайықты құрмет көрсетіліп, Финляндияның атақты жылқыларына арналған арнайы аллеяға жерленіп, тас белгі де қойылыпты.

Финляндия президентіне «Анонсты» жеткізіп бергендер Тыныштықбай Сыздықов пен Шиелі ауданындағы ветеринар-дәрігер Қыдырия Күлібаев екен. Ал арада 29 жыл өткеннен кейін ерекше сыйды аман-есен жеткізген Тыныштықбай ақсақал мен Қыдырия Күлібаевты Финляндия мемлекеті биыл қыркүйек айында өтетін король кубогіне арналған аламан бәйге мен басқа да салтанатты шараларға құрметті қонақ ретінде қатысуға арнайы шақыру қағазын жолдаған.

63 ЖАСТАҒЫ МОДЕЛЬ




63 жасында модель болған алматылық Татьяна Якушина «жылдар өте келе, әйел жалқау болмаса және өзін-өзі қадағаласа, қымбат шарап сияқты жақсарайды» деген ойда.

Оның жаңа мансаптық жолы әлі үлкен емес, дегенмен, бүкіл әлем коронавирустық пандемиямен алысып жатқан кезде әйел бірнеше рет подиумға шығып, жарнамалық түсірілімге қатысып үлгерген. Мұның бәрі 2019 жылдан бастау алған.

– Мен модельдің мансабы туралы ешқашан армандаған емеспін. Әйелдердің сыртқы киімін тігу бойынша тігін колледжін бітірдім, содан кейін тұрмысқа шықтым, балалы болдым. Қыздарым маған қатты жақын болды да, оларды балабақшаға берген кезде, мен де сол жерге жұмысқа орналастым. Кейінірек мектепте еңбек мұғалімі болып жұмысқа тұрдым. Десе де, өз мамандығымды ұмытпай, өзіме және қыздарыма елден ерекше киімдер тігіп жүрдім. Балалар өскен тұста көп саяхаттай бастадым. Қыздарымның бірі Италияда тұрады. Сонда жиі барып тұрамын. Байқағаным – онда қарт адамдар басқаша өмір сүреді. Олар сыртқа шығуға, әдемі және сәнді киінуге, көп саяхаттауға, спортпен шұғылдануға ұялмайды. Бір сөзбен айтқанда, зейнетте олар жаңа өмір бастайды. Мен де өзімді сынағым келді, – дейді 63 жастағы модель.

ТОКИО МЕН ОЛИМПИАДА



Алматы зообағы тағы бір төлмен толықты. Орикс деп аталатын аша тұяқтылар тұқымы қалаға жерсіндірілгеннен бері 12 рет төлдеген. Бұл жолы төлдің атын зообақ қызметкерлері олимпиаданың құрметіне Токио деп атапты. Ол – 13 жастағы Тұран мен Әсем есімді жұптың кезекті төлі.

Сондай-ақ, жуырда бақтағы керкұлан құлындады. Қазір зообақта қызыл кітапқа енген Пржевальский жылқыларының 11-і бар. Бұл құлынның атын да бақ қызметкерлері Жапонияда өткен байрақты бәсекеге орай «Олимпиада» деп қойыпты. Хайуанаттар бағында жыл басынан бері 36 түрлі жануар төлдеп, жалпы саны 130-ға артыпты. Олардың 11-і жойылып кету алдында тұрған, «Қызыл кітапқа» енген жануарлар екен.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.